Бекітемін:
"Озат-School" жеке мектебінің директоры
_____ А.У.Ахметова

Қаралды:
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
_____Н.К.Оспанова

Келісемін:
«Өрлеу» БАҰО Қызылорда облысы бойынша кәсіби даму институты директоры
_____ Б.Т.Елеусинов

Бастауыш сынып оқушыларының дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастыру

АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

ӘОЖ 373
КБЖ 74.262
Қ 12

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы Қызылорда облысы бойынша кәсіби даму институтының 2024 жылғы 01 сәуір Сараптау Кеңесінде (№04 хаттама) қаралып, баспаға ұсынылған.

Құрастырған:
Нуркабылова Райхан Нурлановна – Қызылорда қаласы, "Озат-School" жеке мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.

Бастауыш сынып оқушыларының дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастыру (авторлық бағдарлама) – 92 бет.

ISBN 978-601-02-1667-8

Пікір жазғандар:

С.Құсейінов – «Өрлеу» БАҰО АҚФ Қызылорда облысы бойынша кәсіби даму институтының аға оқытушысы, ұлттық тренер, педагогика ғылымдарының магистрі.

Ж.Нұрсұлтанқызы – Қызылорда қаласы, "Болашақ" университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы.

ISBN 978-601-02-1667-8

Кіріспе

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мақсат–саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Болашақ ұрпақ қоғам иелерін жан- жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени-ғылыми өресі озық азамат етіп тәрбиелеу біздің де коғам алдындағы борышымыз.Оқушының ой-өрісінің,сана - сезімінің жан-жақты дамуы бастауыш сыныптан басталады. Бастауыш сыныпта оқушылардың тіл байлығын арттырып,өмірге көз карасын қалыптастыра,ой өрісін кеңейтіп,сөздік корын байытады.Балаларды жақсыға үйретіп, жаманнан жиренуге тәрбиелейді.Біздің жарқын болашағымыз – өскелең жас ұрпақтың биліктілігімен байланысты.Жас ұрпақ- өркениетті тәрбие шуағына шомалыса ғана, білім нәрімен сусындаса ғана мемлекетіміздің көсегісі көгереді,егеменді ел баянды болады.Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ екені ақиқат.

Білім беру,тәрбиелеу белгілі бір құзіреттіктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны калыптастыруды талап етеді.Ғылыми әдебиеттерде құзыреттілік дара тұлғаның бойындағы өзара байланысты сапалардың білім, білік, дағды, іскерлік әрекет тәсілі жиынтығы. «Құзіреттілік» терминіне анықтама беріп лингвистикаға енгізген американдық ғалым Н.Хомский. Оның пайымдауынша,құзыреттілік термині грамматика білімдеріне негізделеді Жалпы алғанда, құзіреттілік дегеніміз – жеке өзінің іс әрекет қызмет саласында сай құзыреттіліктерді меңгеру. Құзіреттілік дегеніміз – оқушының алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық проблемаларды шешу үшін қолдана алу қабілеттілігі. Оқушылардың тілдік-коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруда қатымсыздық әдістің маңызы зор. Коммуникативтік құзыреттілік латынның «competere» қол жеткізу,сәйкес келу сөзінен шыққан. Оқушылар және қоғам үшін күнделікті оқуда катысымдық мақсатты іске асыруда оқушының тіл және сөз құралдарын пайдалана алуы. Егер оқушының сол тілде сөйлеушілермен тікелей немесе аралық қарым-қатынас

барысында сол тілдің нормалары мен мәдени дәстүріне сәйкес өзара түсінесе алса – коммуникативтік құзіреттілікті меңгергені.Коммуникативтік құзіреттілік өз ана тілін және басқа тілді білудегі қабілеттілігін карастырады.Ол құрамына қарай 5 негізгі бөлікке бөлінеді.

1. Грамматикалық құзіреттілік.
2. Социолингвистикалық құзіреттілік.
3. Дискурсивті құзіреттілік.
4. Стратегиялық құзіреттілік.
5. Социомәдениеттік құзіреттілік.

Енді осы құзіреттіліктердің анықтамасына тоқталайық.

Грамматикалық құзіреттілік – тіл ерсжслерін білу грамматикалық ережелерді оқыту. Оқушыларга грамматикалық кестелер арқылы жан жақты білім бсруді негізге ала отырып, оқулықта берілгсн грамматикалық ережелерді жаггату, талдату.

Социолингвистикалық құзіреттілік – мәтіндердің шығу және танып білу үрдістерін меңгеру Бұл гыңдалым арқылы басқа адамның мұғалімнің немесе оқушының тілін ұғу болып табылады Бұл үшін оқушылардыц бірін - бірі тыңдауына жағдай жасау қажет. Бұл жағдайда тілдік орта қалыптасады яғни оқушыларды мәтін арқылы сөйлеуге үйрету.

Дискурсивті құзіреттілік – айтылымдардың құрылым ережелерін меңгеру. Бұл қазіргі таңдағы ең қажстті құзіреттілік. Себебі оқушыларды дұрыс сөйлсм құрып өз ойларын дұрыс жеткізуге үйрету қажет. Ал мұның өзі мемлекеттік тілді деңгейлеп оқыту ұстанымдарында ерекше айтылады. Онда сөйлеу тілін үйретуді фонетикадан емес, синтаксистен яғни оқушыларға алдымен сөйлеуді үйрету қажеттілігі айтылған .

Стратегиялық құзіреттілік – әңгімелесуші адаммен байланыс жасау. Бұл диалог құру және оны жалғастыру барысында жүзеге асатын үрдіс. Бұның озі бастапқы мәселенің практикалық бөлігі болып табылады. Оқушылар диалогтік тілдерін жұптық жұмыс кезіндс жаттықтырады. Диалогтік тілдің оқушылар үшін

күнделікгі өмірде бір-бірімен қарым- қатынас жасау кезінде маңызы зор екендігін әрбір оқушының санасына жеткізуге тырысу керек.

Социомәдениетгік құзіреттілік – тілді тасымалдаушы қолданушы халық мәдениетін білулерін білу және қолдану. Қазақ тілі оқулықтарына халық педагогикасы бойынша тақырыптар енгізілген. Олар қазақ халқының салт - дәстүрлері ұлттық ойындар, ұлттық тағамдар ұлттық киімдер және мейрамдар отбасы тәрбиесінің дәстүрлері және қазақ халқының қонақжайлылығы. Осы тақырыптар бойынша оқушыларды қазақ халқыньщ әдет - ғұрып, салт - дәстүрлерімен таныстыра отырып,оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылықтарын арттыру және қазақ халқының мәдениеті тұрмысы, салт - дәстүрлері туралы білімдерін тереңдету. Коммуникативтік құзіреттілік жеке тұлғаның рухани өсуін қалыптастырады адамдарды түсіне білуіне көмектеседі. Сондықтан мұғалім алдына мақсат қоя білетін анық та дұрыс сөйлей білетін өз ойын жарыққа еркін шығара алатын түсіне білетін қызығушылықпен тыңдай алатын адамды өмір жолына аттандыра білуі керек. Оқушылардың тілдік-коммуникативтік құзіреттілігін дамыту үшін жүргізілетін жұмыс түрлері төмендегідей: Сұрақ- жауап мұғалім мен оқушылар; Диалог: оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

Қазақ мектептеріндегі оқытылатын ғылым негіздері ана тілі арқылы жүргізіліп, оқушының дүниетанымын, ой-өрісін, тіл байлығын, ауызша және жазбаша сөйлеуін дамыту қазақ тілінің қалыптасқан заңдылықтары арқылы жүзеге асырылады.Сондықтан бастауыш сыныптарда ана тілінің заңдылықтарын жете меңгеріп, әдеби тіл нормаларында еркін сөйлеп, сауатты жаза білу міндеті қойылып отыр. Өйткені - тіл дамыту сайып келгенде ой дамыту.

Тіл дамыту ана тілі әдістемесінің аса жауапты да күрделі саласының бірі. Оның күрделі болуының себебі бала тілін дамыту міндетін жүзеге асырушы мектепте жүргізілетін пәндер қазақ тілі мен ана тіліне ғана байланысты болмай, оның сөйлеу әрекетіне де тәуелді.

Бастауыш сыныптарда жүргізілетін тіл дамыту әдістемесі оқушыларға білім жүйесін меңгертуге, тілге деген икемділігі мен дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін әдіс-тәсілдері мен формалар, принциптер мен оқытудың мазмұны жайындағы ілім. Жалпы әдістеме ғылымның бір саласы.

Қазіргі кезде мектептің алдына қойылып отырған басты міндет-балалардың ойын дамыту, оларды ойлауға үйрету. Бұл міндетті шешуде тіл дамытудың орны қандай?

Тіл дамыту дегеннің өзі ой дамыту болып табылады есептеп, екеуін біртұтас, бірдей қарастырамыз ба? деген сияқты сұрақтар туады.

Тіл – ойлау құралы. К.Марстің сөзімен айтқанда «Тіл дегеніміз – ойдың тікелей шындығы». Адамның ойы тіл арқылы, тілдегі сөздер және олардың тіркесі арқылы ашылады да, материалдық формаға енеді. Ой толық сөз күйінде білдірілгенде ғана айқындалып, дәлдене түседі.

Абстрактылы ойлауда маңызды рөл атқаратын ұғым болып есептеледі. Ғылымда заттар мен құбылыстардың ең негізгі белгілері жинақталып беріледі.Ұғымды білдіретін сөзі меңгеру ойлауға көмектеседі. Ұғымдық ойлау

бастауыш сыныптарда қалыптасады да, адамның бүкіл өмір бойына дамиды, жетіледі.

Сөйтіп, тіл меңгеру, сөз байлығын арттыру және грамматикалық формаларды игеру ойдың дамуына алғышарт жасайды. Психолог Н.И.Жинкин: «сөйлеу – интеллектінің даму каналы... Тіл неғұрлым ерте меңгерілсе,білім де соғұрлым оңай және толық меңгеріледі» десе, ұлы педагог К.Д.Ушинский: «Ана тілін толық меңгермеген бала тарихты, географияны, жаратылыс ғылымдарын және математика ғылымдарын үйренген кезде теореманы, математикалық бір есепті өз сөзімен айтып бере алмай, дәл осындай күйге ұшырайды. Ана тілі басқа пәндердің бәріне қатысы бар және олардың нәтижелерін өзіне жинастыратын басты, өзекті пән екендігі түсінікті есмес пе?» деп көрсетеді. Білім- фактілер, ойлау материалы. Ендеше бұл канал арқылы тілдің дамуы, сөз жоқ ойды дамытады.

К.Д.Ушинский қандай дегенмен тілді меңгерсе, бала ерте ме кеш пе ұғымды меңгеруге мәжбүр болатынын айтады. Шындығында да дәл осылай. Ал ұлы физиолог И.П. Павлов: «Сансыз көп сөзбен тітіркендіру, бір жағынан, бізді шындықтан алыстатты, сондықтан да біз өзіміздің шындыққа көзқарасымызды бұрмаламас үшін мұны үнемі есте сақтауға тиіспіз. Екінші жағынан,тап сөз бізді адам етті»,-деп көрсетеді. Егер сөз бала санасында мазмұнмен толтырылмаса біз нағыз көкмылжыңдарды,бос, сылдыр, сөзшеңдерді тәрбиелейміз.

Мектептерде көбінесе мынадай жағдайлар көзге түседі: оқушы материалға «түсіндім» дейді; ол тіпті сол материал бойынша кейбір амалдарды іске асыруы да мүмкін. Ал сол материалды әңгімелеуге келгенде, ол әбден бейшаралық халге ұшырайды.Тілі күрмеліп,күмілжіп, сүрініп-қабынып сөз таба алмай қиналады. Бұл неліктен? Мұны елемеуге бола ма? Оның себебі: бала осы тақырыпқа жататын ұғымдарды, әсіресе ол ғылымдардың арасындағы байланыстарды меңгере алмаған. Егер оқушы өз ойын тіл қабығына енгізе алмаса, ойдың өзінде олқылық болғаны. Егер адам ойын екінші біреуге анық және түсінікті білдіре алса, оның ойының толық, дәл болғандығы. Тіл мен ой дамытудың бір-бірімен

арақатынасы диалектикалық байланысы міне, осындай.

Басқа ғылымдар сияқты тіл дамыту әдістемесі де теориялық ғылымдардың соңғы жетістіктеріне негізделе дамиды. Тіл ұстартудың ғылыми негіздері тіл білімі, әдебиет және психология. Өйткені тіл – қоғам өмірінің объективті құбылысы, ол бүкіл халық үшін бірдей. Қай тілдің болмасын айтылуының грамматикалық және синтаксистік нормативтік ережелері болады. Мұны тіл білімі зерттейді. Ал сөйлеу – психикалық құбылыс. Ол – әр адамның өзіне ғана тән ерекшелігі. Сөйлеуде объективті шындықты осы адамның субъективті түрде бейнелеп, оған индивидтің көзқарасын білдіреді. Яғни, адам тілдің көмегімен қарым-қатынас жасау процесі, сөйлеу психологияның зерттеу объектісі болып табылады. Солай бола тұрса да, күні бүгінге дейін мектептегі тіл дамыту жұмыстары психологиялық ғылымнан оқшау жүргізіліп келеді. Соңғы кезде ғалымдар: «Психология әдістеме ғылымынсыз-ақ өркендеп, өмір сүре береді, алайда әдістеме ғылымы психологиясыз дамып, жетіле алмақ емес. Әдістеме толық мәнді ғылыми пән болуы үшін, ол психологиялық негізге сүйенуі қажет»,- деген пікірді іс жүзінде дәлелдеп отыр.

Әдістеме теориясында тіл дамыту енді ғана қалыптасып келеді. Оның маңызы, қажеттілігі анықталғанымен, ғылыми негіздері, құралдары, мазмұны мен салалары, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыратын жұмыс түрлері, әдіс-тәсілдері т.б. жақтары анықталмаған.

Тіл – адамзат қоғамында қатынас, сөйлесіп пікір алысудың құралы ретінде қызмет атқаратын құбылыс. Тіл мен қоғам өзара тығыз байланысты, біріншіден, тілсіз ешбір қоғам өмір сүре алмайды. «Тілсіз ұлт құрымақ». Тіл – адамзат қоғамының өмір сүруінің қажетті шарты. Екіншіден, тіл қоғам бар жерде ғана өмір сүреді. Қоғам тілдің өмір сүруінің шарты.Қоғамның өмір сүруі үшін, тіл қаншалықты қажет болса, тілдің дамып, өркендеуіне қоғам да соншалықты қажет..

Ана тілі, бүкіл ақыл-ой дамуының негізі және бүкіл білімдердің қазынасы. Өйткені оқушыларға ғылым негіздерінен жан- жақты білім мен дағды беретін,

сауатты жазу мен мәдениетті сөйлеуге төселдіріп, тіл материалын меңгертетін де осы пән.

Ана тілі пәні дұрыс жазу, сауатты сөйлеу ережелерін меңгерту үшін ғана жүргізілмейді, сонымен бірге, логикалық ойлауды дамыту үшін де қажетті құрал. Өйткені сөз дарындылығының өрістеуі ойлау логикасымен байланысты. Өз заманында «Логикалық ойлау – логикалық сөйлеудің негізі, ал мұны - логикалық сөйлеуді отандық тіл ұстазы дамытуға тиіс», - деп көрсеткен ұлы педагог К.Д. Ушинский.

Еркіндікке қолы жеткен қазақ халқының болашаққа артқан үміті, сенімі осы қазіргі мектепте отырған, келешекте отыратын жаз жеткіншектерімізде. Тіліміз ғана емес, жалпы халық болып сақталып қалуымыздың өзі қазіргі оқушыларымызға ана тілін қалай меңгертуімізге байланысты. Енді бұл мәселеде жетпіс жылдай танытқан енжарлығымыздан таймасақ, белсенділік танытпасақ, тілсіз, тарихсыз мәңгүрт тобырға айналуымыз анық.

Міне, сондықтан саналы ұрпаққа ұлы жауапкершілік жүктелмек, ол жауапкершілік – ата-бабамыздың әр сөзін сан ғасыр бойы жасаған ұлы қазына ана тілін көздін қарашығындай сақтап, кіршіксіз күйде келешек аманат етіп тапсыру. Сол арқылы жеткіншегіне туған халқының ақыл-ой тұжырымын, дәстүр-салтын игерту. «Біздің қазақтың ісі жаңа басталып келе жатыр.XX ғасырға дейін түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген, тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті. Атаның аздырмай берген асыл мүлкін қолына алып, быт-шытын шығарсақ, ол ұнамды іс болмас», деп жазған болатын осы ғасырдың басында қазақтың аса көрнекті ағартушы - педагог А.Байтұрсынов.

Тіл–рухани байлықтың шыңы. Рухани болмыстың деңгейлік баспалдақтары; танымдық, қазыналық, мән- мағыналық. Тілін меңгерген адам - сара жолын сараптап, игерген адам.

Тілді меңгеру ананың ақ сүтінен басталып, бесік жырымен тербетіліп, өмір сатысымен нықталады. Өткен кезең мәдениетінің тұңғиығына бойлап, оның ішкі

мазмұнын түсінуге тырысу адамды рухани жағынан байытады.

Соңғы жылдары журнап беттерінде шыққан мақалаларда да оқушылардың тілін дамыту мәселелеріне әжептеуір көңіл бөлгенін байқаймыз. Бұл жөнінде

Ә. Сыдықовтың «Оқу-жазуға үйретуде психология не айтады?» деген мақаласын айтуға болады. Автор бұл мақалада балаларға оқығанда, жазғанда, көп салмақ түсетінін (көру, есту, сөйлеу мүшелері, қолы, саусақтары, мидың 4 түбегі бірдей қызмет істейтінін) айтып, оқуға, жазуға үйрету кезеңін 5-ке бөледі:

Көру, есту, сөйлеу, ойлау мүшелерінің қызметі қолдың қимылымен байланысты. Күштің көбі қол жаттықтыруға кетеді.

Оқушы сөздің, сөйлемнің мазмұнын тез айыруға дағдыланады. Бұл кезде мұғалімнің көмегі керек.

Оқушы өз бетімен оқып, шығарманың мазмұнын түсінеді, өз ойын шығарып, сөз жасау басталады.

Оқыған нәрсені жазады.

Сауалнама, қолхат сияқтыны жазады.

Бастауыш мектеп оқушыларының сауаттылығын арттырып, тілдерін дамыту жұмыстары әңгімеленген құнды еңбек – профессор Қ.Жұбановтың редакциясымен шыққан «Бастауыш мектептегі қазақ тілінің әдісі» деген кітап. Мұнда ана тілдің мақсаты дұрыс көрсетіле келіп, «тіл ширату» жұмысына мына сияқты талап қойылады: «Бастауыш мектепті бітіріп шыққан бала ... оқығанын, есіткенін қысқаша түсінікті етіп жаза алатын болсын». Онан әрі тіл ширату жұмысының түрлері (сұрақтарға жауап беру, оқығанды айту, тақырып қою, суретті пайдалана отырып сөйлеу, т.б.) қысқаша түрде аталып өтеді.

С.Жиенбаев – алғаш рет мектепте жүргізілетін тіл дамыту жұмысының ауызша, жазбаша болып бөлінетін жігін ашып, оның әрқайсысына жататын жұмыс түрлерін, бұл жұмыстардағы ой жүйесі мен сөз қолданудың мәнін көрсеткен әдіскер.

Ғ.Бегалиев «Бастауыш класта қазақ тілі методикасының мәселелері» еңбектерінде бастауыш сынып оқушыларының тілін ұстартуға, оларға сөз

мағыналары туралы түсінік беруге қатысты ойлар «Ана тілі» пәнін оқыту әдістемесіне байланысты да айтылады. «Ана тілі» пәнін оқу барысында кездесетін оқушыларға түсініксіз сөздерді **5 түрге бөледі:**

1.Затты, сынды, я амалды білдіретін кейбір сөздерді мүлде білмейді. Мысалы: маусым, сонар, бетегелі, маужырау.

2.Оқылатын мәтінде кездесетін кейбір затты, сынды, я амалды көрсететін сөздерді оқушылар біледі, бірақ, сол затты, сынды, амалды әдеби тілімізде қолданатын, жалпыға ортақ атаумен атауды білмейді, тек төңірегіндегілер білетін атымен немесе жергілікті атымен атайды. Мәселен, мәтінде шалбар, дуал, алжапқыш, ықтық деген сөздер бар, бірақ оқушы сымбелдемше, аптап деген аттарын ғана біледі, өйткені оларды төңірегінделер солай атайды.

3.Оқушы кездескен сөздің негізгі мағынасын біледі, бірақ сол сөзге жұрнақ жалғанғанда немесе сөз тізбегінде айтылғанда, мағынасында қандай өзгешілік болатынын айыра алмайды: құладым - құлап кете жаздадым, көл - көлшік, жылы - жылылау, ат - атақ, оқылды - оқылған, оқимын - оқып отырмын деген сөздердің арасындағы айырманы дәлдеп білмейді.

4. Кездескен сөздердің тура мағынасын (бірме-бір мағынасын) біледі, бірақ сол сөздің бұрама мағынасын білмейді. Мысалы, құс ұшты - Сәрсен үкідей ұшты, қолымды сермедім - қолымды кеш сермедім.

5. Мәтінде кездескен кейбір сөздердің кейбір мағыналарын білмеуі мүмкін. Мысалы, көз тоймаушылық, күншілдік, әуестік, құмарлық, ұрыншақ, сосаны, т.б.

Оқушылардың тілін ұстарту әдістемесінің негізін салып, оны өз алдына ғылым ретінде қалыптастыру қажеттігін анықтап берген - орыстың ұлы педагогі К.Д.Ушинский.

К.Д.Ушинский ең алдымен бастауыш мектеп оқушыларының тілін дамытумен байланысты жаттығу жұмыстарының жүйесін құрды.Ол жаттығулардың сатылары мынадай:

1. бақыланған заттарды атау;

2. іс- мақалаларын мазмұндау;
3. заттарды салыстыру;
4. сипаттау;
5. болған оқиға жөнінде әңгіме құру.

Ал, Телжан Шонанұлының «Тіл дамыту» оқулықтарындағы оқушы тілін дамытуға арналған жаттығулар түрлерін мына жүйеде берді

Мәтін құрамымен таныстыру. Мәтінмен жұмыс жүргізу, жоспар түзіп, сол бойынша мәтін құрғызу.

-Граматикалық ережелерді игеруге бағытталған жаттығулар.

-Мәнерлеп оқуға арналған жаттығулар.

-Суреттерге қарап ауызша, жазбаша әңгіме құрғызу.

-Жазылған әңгімелер бойынша мәтін құрғызу.

-Іс-қағаздармен таныстыру.

-Кітап, оқулықтарды дұрыс пайдалануға дағдыландыру.

-Газет-журналдармен жұмыс жүргізуге үйрету.

Бастауыш мектепте ана тілді оқыту барысы жеке-жеке айқын мақсаттар көздейтін үш кезеңнен тұрады:

1. Сауат ашу, тіл дамыту (Әліппе).
2. Оқу, тіл дамыту (Ана тілі, әдебиет).
3. Грамматика, емле тіл дамыту (Қазақ тілі).

Оқушылардың тілін дамыту, сөз дағдыларын қалыптастыру осы кезеңдердің әрқайсысында белгілі бір тақырыптың оқытылуына сүйене отырып, соның барысында жүргізіледі. Мұнда біз мына сияқты негізгі мәселелерді үйретуді,яғни белгілі тақырыпты оқыта отырып, баланың сөздік қорын дамыту; сөздерді үйрете отырып, жаңа сөздер жасайтын формаларды меңгерту барысында оларды байланыстырып сөйлем құрауға, сөз тіркесіне; сондай-ақ ойларын ауызша, жазбаша сауатты, жүйелі, дұрыс жеткізуге, сөйлей білуге үйретуді мақсат еттік.Егер осы үшеуі (сөздік жұмысы, сөз тіркесі мен сөйлем құрау және байланыстырып, сөйлеуге үйрету) күнделікті өтілетін сауат ашу, грамматика, оқу

сабақтарымен байланыста біртұтас жүргізіліп отырылса, тіл дамыту жұмысы да біршама жүйелі өткізіледі деуге болады. Яғни тіл дамыту осы негізгі үш бағытта қатар жүреді, өйткені сөздік жұмысы сөйлем құрау үшін де, байланыстырып сөйлеу үшін де негіз болады; ал әңгіме айтуға дайындық жасау сөз бен сөйлемсіз іске асуы мүмкін емес. Сондықтан бұлайша топтаудың өзі – шартты түрде ғана, яғни тіл дамытудың мазмұнының нені қамтитығын көрсету.

Біз психология, педагогика ғылымдарының соңғы табыстарын басшылыққа ала отырып, үлгілі мұғалімдердің озық тәжірибелеріне сүйеніп, жоғарыда атап өткен үш кезеңдерге орай, тіл дамыту мына сияқты бағыттарды қамтуы қажет:

1. Оқушылардың сөздік қорын дамыту.

а) жаңа сөздер үйрету және осы үйренген сөздерінің, сондай-ақ балалардың бұрыннан сөздік қорында бар сөздердің мағыналарын үйрету;

ә) көркем мәтіндегі бейнелі құралдарды үйрету;

б) синонимдермен, омонимдермен жұмыс;

в) антонимдермен жұмыс;

г) көп мағыналы сөздермен жұмыс;

д) қанатты, нақыл сөздермен жұмыс;

е) мақал-мәтел, жаңылтпаштарды үйрету;

ж) оқушылардың үиренген сөздерін қолдану белсенділігін арттыру мәселелері қамтылады.

2. Сөз тіркесі, сөйлемдермен жұмыс жүргізу.

3. Байланыстырып сөйлеуге үйрету. Мұнда балалар оқығандары мен көргендерінінің, естігендерінің мазмұнын жүйелі түрде ауызша айтып, жазбаша баяндауға үйренеді,сондай-ақ үсынылған тақырыптар бойынша материалдар жинап, жүйелеп, өз жандарынан ауызша, жазбаша әңгіме құрастыруға үйренеді.

Бастауыш оқу жоспарына бүкіл ғылым атаулының барлығы енгізіле бермейді, ғылымдардың ең негізгілері, оның өзінде бастауыш сынып балаларына оқыту үшін сұрыпталып алынған, өмірді, қоғамның даму заңдылықтарынан білім беретін ғылымдардың негізі ғана ену мақсат етіледі. Пәндердің ішінде тілдің

алатын орны ерекше зор. Өйткені тіл - адам баласының ең басты қатынас құралы. Тілді оқыту, оның ішінде ана тілін оқытудың міндеттері әрбір халықтың мәдениетінің, әдет - ғұрпының қалыптасуы мен дамуын таныту мақсаттарынан тұрады.

Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» Заңында « Тіл – ұлттың аса ұлы игілігі әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі, ұлттық мәдениеттің гүлднену мен адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ретінде ұлттың өзінің болашағы - тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюіне тығыз байланысты» делінген.

Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілін жетілдіру тіл үйренуде ең басты міндет. Сөйлеу тілінің бірнеше стилі болады.Қазақ тілінде сөйлеу тілінің мынадай стилі бар. Ең алдымен сөйлеу стилі. Бұл – стиль жағынан өте нақышталмаған, қарапайым сөздердің күнделікті айтылуы. Сөйлеу тілімен салыстырғанда анағұрлым жоғары саналатын ақындық, шешендік, академиялық, ғылыми стиль бар. Әртүрлі жаргондар, сөздердің әдеби тілдегі айтылу нормасынан ауытқулары осы ауызекі сөйлеу стиліне жатады. Тілдің грамматикасын білу арқылы оқушылар бір - бірімен сөйлесуді,сұрақ қоюды үйренеңді. Олардың сөйлеу тілін дамыту үшін өздерін қоршаған заттарға, ортаға қатысты, қайда отыр, не көріп отыр, олар не үшін қажет деген сұрақтарға жауап беретіндей жағдай туғызу қажет. Әр сыныптың бағдарламасына қарай оқушылар жаңа сөздер меңгереді. Мұғалім оқушыларға жеке сөздерді жаттаумен тынбай, сол сөздерді қатынастыра отырып қазақша сөйлем құрастыруға үйретеді. Яғни оқушы неге осылай айтамыз? Қалай айтуға болады? Дұрысы қайсы деген сұрақтарға жауап іздейді.

Оқушылар өздерін қоршаған ортамен таныса отырып сөздік жұмысын іске асырады. Өздеріне аты белгісіз зат не құбылыспен танысқанда, оның өзімен немесе атауымен сөздік арқылы танысады. Сөз – тілдің құрылыс материалы. Ал грамматика болса сөздердің өзгеру мен сөйлем ішіндегі байланыстың заңдылығын үйретеді, қалыптастырады. Бұл заңдылықтарды білу үшін түрлі

сөйлемдер, сөз тіркестері меңгеріледі.

Оқушы ең алдымен тілдің дыбыстық құрылысын меңгеруі шарт. Ол үшін дыбыстарды дұрыс айтуға (орфоэпиясын) жаттығады. Ол мұғалімнің айтқанына еліктей отырып, қазақ тілінің фонетикасын, сөзге түсетін екпінді, интонацияны, сөздерді дұрыс оқуды меңгереді, жаттығады. Мұғалім оқушыларды бірімен сөйлеу мәдениетіне, сөйлеу мәнеріне (дауыс ырғағы, өзін ұстау, сөйлеушіні тыңдай білуге) үйретуі қажет.

Оқушылардың өздеріне айтылған сөзді тыңдай білуге, оны түсініп, сөйлесе білуі (бір - бірімен) , сұрақтарға жауап беруі, сұрақ қоя білуі мұның бәрі олардың сөздік қорының тілдің грамматикалық құрылысын дұрыс меңгеруіне байланысты. Осының нәтижесінде оқушылар бір - бірімен кезектесіп сөйлесуге жаттығатын болады.

Тілді оның дамуы мен жеке адамның қалыптасуындағы ролін зерттеу – адамның бүкіл таным қызметінің қалыптасуын қарастыруда ерекше маңызға ие болып отырған ғылымның басты мәселесіне айналды. Ал баланың танымдық қызметі баланың өзін қоршаған ортамен қарым - қатынас жасауы, яғни ұрпақтан - ұрпаққа бұрынғылардың тәлімі мен тәрбиесі, іс -тәжірибесінің берілуі процесінде қалыптасады. Балғын шақтан есейіп, ересектер қатарына өту барысында баланың психикалық дамуының негізгі бір формасы - өзара сөйлесу, пікірлесу арқылы өзгелердің іс - тәжірибесін бойына сіңіру болып табылады. Балалар тілінің рөлін, олардың сөйлесу қызметін зерттеу ғылымның басты міндеттерінің бірі болып отыр.

Ғылыми тұрғыда негіздей отырып, бала тілін, сөздік қорын зерттеуге алғаш ден қойған психологтар болды. 1940 жылдары О. Моурер фонологиялық даму теориясының негізін қалаушылардың бірі болды.

Р. Якобсонның болжамы бойынша балада алғашқы фонологиялық дағдылардың қалыптасуы алғашқы он - онекі айлық кезеңде басталады. Яғни, сөйлеу қабілетінің дамуына немесе оның жан - жақты дамуының бір бөлшегі ретінде қарастырса, енді біреулері (Д.Ольмстел 1971; Д. Стэмп 1969) бала тілінің

дамуын оның өзін қоршаған ортамен қарым - қатынас жасауына байланысты қалыптасатынындығын дәлелдеуге тырысады. Б. Московичтің пікірінше, бала бірте - бірте айқындала түсетін дыбыстық бірліктерді айтуды үйрене бастайды, буындардан ол өз бетінше дыбыстық құрылымдар түзуге (сөздер құрастыруға) бейімделеді.

Баланың сөздік қоры 1 жыл 8 айдан асқан соң жедел дамиды. Егер 1,5 жастағы баланың сөздік қоры 18-25 - тен аспаса, 3 жастан кейін ол 1000-1200 сөзге жетеді. Мұның ішінде сөздік қордың басым бөлігін зат есімдер (60%), етістіктер (25-27%), сын есімдер (10-12%) құрайды.

Әрбір жас кезеңдегі сөздік қордың қалыптасуындағы балалардың өзіндік ерекшеліктері мен сөздерді қабылдау және қолдану ерекшеліктеріне де баса назар аударады.

Тілдің грамматикасын меңгеру баланың жалпы дамуымен де (ақыл - ой қызметінің кеңеюі, өз бетінше ізденістері) сабақтас дамиды. Сондықтан да түрліше әрекет жасау барысында баланың мазмұнды өмір сүріп, ой -өрісін дамытуы, үлкендермен тілдік қарым - қатынас жасауы оның тілінің дамуына ықпал етеді. Олардың сөздік қоры молайып, алғашқы грамматикалық формаларды меңгеруі жетіле түседі.

Баланың сөйлеу білуге деген алғашқы талпынысы - оның дамуының бастапқы кезіндегі басты нәрсе. Ол үлкендердің сөйлеген сөздерінен бірнеше мәрте қайталанатын белгілерді ептеп түсіне бастайды. Ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек, екі жастан бастап бала тілі күрт дамиды. Мектеп жасына келген бала, яғни 6-7 жасар бала 3,5-4 мыңға жуық сөз біледі екен. Демек, ол тілдің бүкіл фонологиялық жүйесін түсінеді. Олай болса, өз бетінше сөйлемдер құрастыра, өз ойын өзгеге түсіндіре, жеткізе алады.

Зерттеулер көрсеткендей түске, үлкендікке, заттың жай күйіне байланысты ерекшеліктерді жас баланың естіп қабылдауынан гөрі, сол заттарды көріп, қолмен ұстап барып, ажырата қабылдауы 10-12 есе тезірек іске асады да, бала жадында ұзақ сақталады.

«Сөзге» қарағанда, балаға сол зат, белгі, құбылысты көрсету, оларды ажырата отырып көрсету арнайы үйретусіз- ақ тез қабылданады. Сөз жалпылама ұғым болғандықтан, бала тез арада өзі қабылдаған сөздерді белгілі бір топтарға бөле отырып меңгере бастайды. Баланың өз бетінше меңгеруі алғашқыда әрине, қателесусіз жүрмейді. Табиғаттағы зат пен құбылыс арсындағы байланысты білдіретін сөздер (кеңістік, сан т.б.) сезімдік қабылдауға негізделеді де, балаға көрінбейтін болғандықтан, ол нәрселер мен байланыстарды үлкендер түсіндіреді.Бұларды түсінуге талпыну және тілде қолдану баланың ойлау қабілетін дамытады.

Балада алғашқы кезде өз шамасын байқап көру қасиеті үлкендермен, заттармен байланысқа түсу, яғни сөз арқылы жүзеге асады. Алғашқыда ол зат пен құбылыстың аттары арқылы,ал кейінірек жіктеу есімдіктері арқылы, содан соң өзін басқа балалармен салыстыру арқылы жақсы және жаман қаситтерді ажырата бастайды.Сөздік қорын дамыту арқылы бала ертегі, өлең тыңдауға, ән салуға, мәнерлі де, мәнді сөйлесуге бейімделе бастайды.

Құрастырылған стандарт негізінде бастауыш білімнің бағдарламлалары жарық көрді. Сауат ашу әліппе мен оқу кітабынан тұрады. Бастауыш сынып пәні бойынша оқушылардың оқу мен жазу дағдыларын қалыптастыру, байланыстырып сөйлеу, сөздік қорын байыту, грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге үйрету, сөйлеу мәденниетін қалыптастыру; алғашқы грамматикалық мағлұматтарды меңгерту, танымдық шығармашылық қабілеттерін дамыту; ана тіліне деген сүйіспеншілік, құрмет, мақтаныш сезімдерін қалыптастыру, адамгершілікке, ізгілікке, Отан сүйгіштікке тәрбиелеу мақсаттарын көздейді.

Бастауыш сыныпта оқушылар сөйлеу, сөйлем, сөз дыбыс және олардың шартты белгілерімен танысады. Дауысты, дауыссыз дыбысқа байланысты грамматикалық материалдар талдау әдісімен беріледі. Тіл дамытудың төрт міндеті жүзеге асырылады.

-сөздік қорын дамыту;

-байланыстырып сөйлеуге үйрету;

- грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге үйрету;

- сөйлеу мәдениетін қалыптастыру

Оқыту процесіндегі дұрыс сөйлеуді қалыптастырудың педагогикалық мәселелері.

Оқыту процесі – екі жақты процесс. Мұғалім сабақ барысында жоғарыда аталған бағыттар бойынша жұмыстар жүргізіледі. Бұл тұрғыда көптеген мәселелер туындайды. Себебі үйреткен, түсіндірілген нәрсені түгел оқушының бойынан көре алмауыңыз мүмкін. Дегенмен сіз оқушылардың сөздік қорын дамытып, сөз мәдениетін қалыптастырдыңыз. Бұл тек бір сабақта ғана өтілмеуі тиіс. Үздіксіз жүріп отырғанда ғана нәтиже бермек.

Қазіргі таңда қоғам талап еткендей оқушыны даралап шығару үлкен еңбекті қажет етеді. Жоғарыда оқушылардың сөздік қорын анықтауда іс-тәжірибе жүргізілгені айтылды. Нәтижесінде,

1000-1200-ға дейін сөз білетін, осы сөздерді қолданғанда 30-40 қате жіберген оқушы - 4.

700-900 дейін сөз білетін және сөйлеу барысында, қолданғанда 65-75 қате жіберген оқушы - 8.

400-600 сөздің мағынасын білетін, бірақ сөйлеу кезінде 60-70 қате жіберген оқушы - 6.

200-300 сөз айтқан, бірақ сол білетін сөздерінің 50- 60-ын қате қолданатын - 6.

Сөздік қоры өте аз, сөздерден сөйлем құрастыра алмаған оқушылар - 2.

Оқушылардың тілдік - коммуникативтік құзіреттілік деңгейі.

Адам өмір бойы өзінің ана тілінің байлығын меңгерумен, тілін ұстартумен болады. Өзін айнала қоршаған дүниемен, адамдармен қарым- қатынас жасау қажеттілігі, тілге деген мұқтаждығы адамда ерте сәби кездің өзінен- ақ басталады. Баланың жасы өскен сайын ойын білдіру қажеттілігі де көбейеді. Осы қажеттілікті өтеу үшін тіл құралдарын пайдаланады. Бірте- бірте сөздік қоры байиды, фразеологиялық тіркестерді меңгереді; өзі сөйлейтін тілінің тіл жасау,

сөз түрлендіру заңдылықтары мен алуан түрлі синтаксистік құрылысын игереді. Қазіргі кезде зерттеу деректері бойынша жеті жасқа келген бала негізінен морфологиялық құралдарды және синтаксистік формаларды меңгереді. Ешбір ережені оқымай- ақ, үренбей-ақ олар сөздерді дұрыс қиыстырады, септей, тәуелдей, жіктей, көптей алады, сөйтіп, жаңа сөздер жасап, сөйлемдер құрастырады. Мұның бәрі ауызша сөйлеу шеңберінде ғана іске асады.Ана тілін балалар сөйлеу әрекеті арқылы үйренеді. Міне, сондықтан да олардың тілін дамыту жұмыстарында мақсатты түрде ұйымдастырып, үздіксіз, жүйелі жүргізу міндеті туады.

Тіл дамыту балалардың ойын дамытумен тығыз байланысты болғандықтан, тілді меңгеру барысында бала анализ, қорытынды жасай алады, заттар мен құбылыстардың арасындағы түрлі байланыстарды бейнелей алады. Сондықтан балаларға сөйлеу үлгісін беру, яғни сөйлеу ортасын жасау қажет. Адамның дамуында, жеке басының қалыптасуында қоғамдық орта шешуші роль атқаратындықтан, баланың сөз байлығы мен сөйлеу шеберлігі көбінесе сөйлеу ортасының қандай болғандығына байланысты.Ендеше баламен сөйлесу мұғалімдердің, ата- аналардың тіл шеберлігі, бала тіліне үлкен ілтипатпен қараушылығы орасан зор рөл атқарады. Сөйлеу арқылы бала тек басқа адамдармен қарым- қатынас ғана жасап қоймайды, сонымен бірге дүниені де таниды. Сөйлеуді меңгеру- шындықты меңгеру тәсілі. Олай болса баланың сөз байлығы оның түрлі елестері мен ұғымына, өмір тәжірибесіне байланысты. Ендеше сөйлеуге үйрену барысында бала тек қана тілдік материалға ғана мұқтаж болмайды, сонымен қатар негізгі материалдың да қажеттігі күшейеді.Керісінше, тілі неғұрлым бай болса, адамның табиғат пен қоғамдағы күрделі байланыстарды дұрыс тану мүмкіндігі де соғұрлым мол болады. Ал тілі жақсы дамыған бала ойын да дәл, шебер жеткізеді, оқуды да ойдағыдай меңгереді. Көптеген зерттеулерге қарағанда оқуданүлгермейтін оқушылардың көпшілігінің тілдері нашар дамыған, ойларын дұрыс жеткізе алмайтындар.

Тілді балалар үлкендермен қарым- қатынас жасау барысында,сөйлеу

әрекеті процесінде меңгереді дедік. Бірақ олардың тілді дұрыс меңгерлері үшін, алдымен әдеби тілді меңгерулері қажет. Әдеби тілді жай тілден, диалектіден, жаргоннан айыра білу бала тілін дамытуға қойылатьын талаптың бірі болып табылады. Бастауыш сыныптардан бастап, балалар әдеби тілге оның көркем, ғылыми және сөйлеу нұсқаларына жүйелі түрде үйретіледі.

Мектеп алғашқы күннен бастап-ақ балаларды оқу мен жазуға үйретеді. Оқу да, жазу да-тілдің жүйесіне, оның фонетика, графика, лексика, грамматика, орфографиялық білімдеріне сүйенетін сөйлеу дағдылары.

Тіл дамытудың әр сыныпта мөлшері белгіленеді. Сондай- ақ тіл дамыту мәдениеті, оның бүкіл мәнерлілік мүмкіндіктері де анықталады. Оқушыларға тілдің дыбыстық жағын игерту, дұрыс дыбыстау, сондай- ақ сөйлеу арқылы қатынас жасау барысында баланың мінез-құлық мәдениетінің жоғары болуын қадағалау, дұрыс сөйлеу қалпына әдеттендіру, кішіпейілділік бейне, зейіні мен көзқарас мәнері, жаңа жағдайда өзін ұстауы, т.б. толып жатқан мәселелері де тіл дамыту жұмысында іске асырылады. Әрине, бұл мәселелердің барлығы бірдей бағдарламада бірдей көрсетіле бермейді. Бастауыш мектеп бағдарламасының жүйелі сөйлеуге үйрету бөлімінде жалпы бағыт қана жасалған.Сондықтан тіл дамыту жұмысын мектепте дұрыс жолға қою үшін әр мұғалім оқулықтар мен әдістемелік құралдарды басшылыққа ала отырып, оның мазмұнын жете аңғаруы тиіс; сөйтіп, мұғалімдеріміз жұмысының жоспарын өз сыныбының ерекшеліктерін ескере отырып жасайды.

Ал, сөйлей білуге дағдыланудың негізі бастауыш сыныптарда қаланады: балалар алғаш рет осында ғана әдеби тілмен, тілдің жазбаша түрімен беттеседі, тілдің жетілдіру қажеттігін ұғынады.

1. **Сөйлеу-** адам әрекетінің ең бір кең,күрделі саласы. Тіл дамыту үш салаға бөлінеді:

1 .Сөздік жұмысы

2. Сөз тіркесі және сөйлеммен жұмыс

3. Байланыстыра сөйлеуге үйрену жұмысы.

Бұл жұмыстар бірі- бірімен байланыстырыла қатаң жүргізіледі. Әсіресе байланыстыра сөйлеуге үйрету жұмысында қалған екеуінде үйренген білім, дағды, шеберліктері ұштасады, яғни ойлау, жүйелеу, мәтін құрастыру, материал жинау, графика,орфографиялық шеберліктері іске асырылады.

Жазбаша тіл дамытуда көңіл аударатын негізгі мәселенің бірі жүйелілік, мақсаттылық екені мәлім. Әрбір жаңа жаттығу бұрынғы өтілгенмен байланысты бола отырып, сәл ғана болса да бір жаңалық қосуға тиіс. Мұндай байланыс грамматика мен орфография курсында оңай анықталады. Ал тіл дамытуда бұл жұмыс оңайға түспейді.Әдістеменің нені, қалай үйретуі керек?- деген дәстүрлі сұрағы тіл дамытуда үнемі анық көрінбейді.Соның салдарынан кейбір жағдайларда тілдік жаттығулар белгілі бір бағыт- бағдарсыз, нақты мақсатсыз жүргізіледі. Мысалы, «Орманда» тақырыбы бойынша жаздырылды дейік. Мұнда сипаттау элементі бар әңгіме құрастырылады. Ал мұғалім оның қателерін жөндейді де оған баға қояды. Негізінен мұндай шығармалар өте пайдалы, өйткені ол балалардың тілі мен ойын дамытдды. Алайда барлық мұғалім осы шығарма балаға не үйретті? Жалпы тіл дамыту жүйесіне қандай үлес қосты деген сұрақтарға жауап бере алмас еді Сондықтан әрбір жаттығулардың нақты мақсатын анықтау керек. Сайып келгенде, бұл осы жаттығуда өткендегімен салыстырғанда қандай шеберлік, дағды білім берілгенін анықтау. Мысал үшін бір шығармада балалар сипаттау элементімен таныстырылса, келесіде анағұрлым күрделі суреттерді байқауға, ал онан кейінгі шығармада сипаттау элементін көбірек қамтитындай болуға тиіс.

Тіл дамыту оқушылар мен мұғалімнің бірлескен ұзақ жұмысын талап етеді. Тіл дамыту жаттығуларын мүмкіндігінше түрлендіре жүргізу, оқыту барысында балалардың жасына лайық жұмыс түрлерін кеңінен қолдану бұл жұмысқа қойылатын басты талаптардың бірі болып табылады.

Сонымен тіл дамыту жұмысында ойдағыдай нәтижеге жеттік деп санау үшін қандай шамада, қандай дәрежеде сөйлеуге борлар еді. Алдымен, әрине, мазмұнды сөйлеу шарт. Егер әңгіме баланың өзі анық білетін фактілерден,

бақылаған, байқалған жағдайлардан ойлана құрастырылған болса, қызықты, тартымды, мазмұнды шығады, яғни оқушылар өздері жақсы білетін материалдары бойынша тәп- тәуір әңгіме құрастыра алады. Бұл талап мұғалімдер жұртшылығына бұрыннан да белгілі, алайда мектепте әлі күнге дейін балаға таныс емес, дайындығы жоқ нәрселер туралы әңгімелеу жиі тапсырылады да, міне соның салдарынан, көңілсіз қалай болса солай, жүйесіз, жүдеу құрастырылған әңгімелерге душар боламыз. Ал, осы балалар белгілі бір шығармаға қажетті материал жинастырып, тиісті бақылаулар жүргізілсе, оның нәтижесін тәп- тәуір әңгімелеп береді.

Әңгіме, шығармалар үшін мазмұн кітаптардан, суреттерден, экскурсиялар мен жорықтардан арнайы жүргізілген бақылаулардан, өзінің ой толғаныстарынан, толқуларынан, яғни өзін өмірден алынады. Мұғалім оқушыларға жинаған материалдан дайындауға, реттеуге белгілі бір тақырыпқа топтастыруға көмектеседі.Тек мазмұнды ғана сөйлеп беруге үйрету бастауыш сыныптың міндеті болып табылады.

Оқушы ойын белгілі бір ретпен, жүйелі түрде баяндай алатын болуы шарт. Бала өзі жасы білетін материалын алдын- ала анализдеп, синтездеп, әуелі, не жөнінде, онан кейін нені айтатынын жобалап алуға тиіс. Сөз, сөйлем қалдырып кетіп, ойдың күрт үзіліп, байланыссыз қалуынан бір ойдың қайта - қайта қайталануынан сақ болған жөн.

Бұл көрсетілген талаптар шығарманың мазмұны мен құрылысына қатысты. Ал оның тілі қандай болуы қажет?

Дәлдік. Балалар фактілерін бақылағандарын, сезімдерін шындыққа сай білдіруге ғана емес, сонымен қатар тіл құралдарын яғни сипаттайтын немесе әңгімелейтін заттар мен құбылыстарының ерекшеліктерін көрсететін сөздерді, сөз тіркестерін іріктеп ала білу шеберлігіне төселуге тиіс.

Мәнерлілік. Тек ауызша сөйлеуде емес, жазбаша сөйлеуде де талап етіледі.Мәнерлі сөйлеу- ойды айқын, сендіре, оқушысына, немесе тыңдаушысына әсер ете оны толқыта білу шеберлігі.

Анық сөйлеу. Сөйлеу үнемі біреуге арналады. Сондықтан айтушы немесе жазушы арнаған адамдардың мүмкіндігін, дәрежесін, мүддесін, т.б қасиеттерін жақсы білуге тиіс. Мәнерлілік те, анық сөйлеушілік те таза сөйлеуді талап етеді. Соңғы кезде де балалардың жазба жұмыстарында ана тілінде баламасы кейбір сөздерді орысша қолданушылық кездеседі.

Таза сөйлеу. Әдеби тіл нормасымен сөйлеуді, сондай - ақ жергілікті жерлерде кездесетін сөздердің орын алмауын талап етеді.

Осы көрсетілген талаптардың барлығы да 1-2 сынып оқушыларының тілін дамыту жұмыстарында толық орындалуға тиіс.

Біз соңғы кезде жүргізілетін эксперименттерімізді оқушыларға әр жағдайда әр түрлі тапсырмалар беру арқылы заттарды сипаттап жазу жұмыстарын орындаттық.Бстауыш сынып бағдарламасында сипаттау жұмысына балаларды 1-сыныптан бастап үйрету қажеттілігі көрсетілген. 2-сынып оқушыларына сурет бойынша құлынды биені сипаттау тапсырылды. Ауызша дайындық та жүргіздік. Алайда балалардың орындаған жұмыстарында жылқының дене мүшелері ғана аталған.Олардың ерекшеліктері жүйелі сипатталмаған.

Сондай- ақ оқушыларға өз сыныптарын сипаттап беру ұсындық. Мұнда да олар көздеріне сол сәтте түскен жағдайларды ғана ретсіз тіркестірген.

Мұндай жұмыстарды талдағанымызда бастауыш мектеп оқушылары сипаттаудың ерекшеліктерін ұғынбағандықтарына көзіміз жетті. Әсіресе, олар өз ойларын жоспалауға қиналады; жұмыстарын алдын- ала жобалап алуды білмейді.Әр түрлі мұғалімдердің жүргізілген жұмыстарын салыстырып қарағанда, жалпы барлығында да сөз саны толық,ал жүйелілік, айқындылық жақтары жоғарыда көрсетілген талаптарға сай келмейтіндіктері көзге түсті. Бұл кемшіліктер негізінен оқушыларда ақыл- ой әрекетінің дұрыс тәсілдерінің жоқтығынан; оқытуда педагогтар оқушылардың сөз байлығын арттыруға ғана баса назар аударады да, тұтас бір ой жүйесін білдіретін байланыстыра сипаттауға үйрену шеберлігін қалыптастыруға көңіл бөлмейді. Мысалы,2-сынып

оқушыларына «Біздің сынып» тақырыбына шығарма жаздыру барысында мұғалім 3 сұрақ қойды:

1 .Сыныпта не бар?

2. Қабырғада не ілулі тұр?

3. Сынып не үшін керек?

Балалар заттарды атады да ,сыныптың оқу үшін керектігін көрсетті. Сөйтіп жаттығу жұмыстары сипаттау шеберлігін қалыптастыру мақсатына жете алмады.

2. Сөйлеу түрлері. Сөйлеу – әрекет, адамның әрекеті, яғни қарым- қатынас жасау үшін, ойын, білімн, сезімін екінші біреуге жеткізу үшін тілді қолдану болып табылады. Мысалы, оқушылардың жолдастарымен әңгімелесуі, ақылдасу, көрген- білгендерін айту, кеңес беру, ренішін білдіру т.б Ендеше, тіл дамытуға басшылық жасауда да мұғалімдер сөйлеу түрлерін, оның әрқайсысына тән ерекшеліктерін жақсы білуге тиіс.

Тілді тұтынушыда **лингвистикалық құзіреттілік- коммуникативтік құзірет,** сондай-ақ **мәдени-тілдік құзірет** болады. Ал тілдік-мәдени құзірет дегеніміз тілдік тұлғаның сөйлеу (жазу) мен айтылған (жазылған) сөзді қабылдау кезінде тиісті мәдени семантиканы, мәнділікті қоса меңгеруі.

Тіл мен мәдениеттің өзара ықпалдастығы, әсері негізінде тілдік таңбаның мазмұн межесінде мәдени семантика қалыптасады. Аударма, тіл үйрету, көркем мәтінге талдау жасауда, сөздіктер құрастыруда тілдік таңбаның грамматика, лексика-стилистикалық мағыналарымен бірге ондағы мәдени ақпараттарды да ескеру аса қажет. Мысалы, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде жылқы сөзіне мынадай түсініктеме берілген:

Жылқы зат. Төрт түлік малдың көлік үшін пайдаланылатын тақ тұяқты түрі. Әрине, жылқының лексикалық мағынасы толық ашылған, төрт түлік, тақ тұяқты деген семалар лексикалық мағынасын жеткілікті дәрежеде беріп тұр. Басқа ұлттың тілі, мәдениеті үшін бұл түсіндірме, бәлкім, дұрыс та шығар, ал мәдени мәнділікке байланысты ақпарат қазақ тілінің сөздігі үшін толық болмай

тұр. Өйткені жылқы сүтінен жасалатын қымыз - қазақ мәдениетінде астың асылы, ардақтысы. Сондай-ақ жылқының қазы-қарта, жал- жаясы да астың ең сыйлысы. Олай болса, жылқы сөзінің мәдени семантикасына қатысты негізгі ақпараттар дефиницияда мүмкіндігінше қамтылуға тиіс. Мысалы: Жылқы зат. Көлік үшін, еті, сүті тағам үшін пайдаланылатын төрт түліктің тақ тұяқты түрі деген нұсқада беру тілдік семантиканы әрі мәдени семантиканы қамти түсер еді.

Тілдік тұлға үшін мәдени-тілдік семантиканың аса күрделі түрі фразеологимдер, паремологизмдер тәрізді тілдік таңбаның мазмұн межесіндегі құрылымдармен байланысты.

Сонымен, тілдік тұлғаның коммуникативтік сәтсіздікке ұшырау қаупі жиі кездесетін аймақтың бірі негізінен мазмұн межесі этномәдени семантикаға ие тұрақты сөз орамдарымен, яғни фразеологизмдер мен паремологизмдердің мәдени-ұлттық семантикасымен байланысты деуге болады.

1-2 сыныптарда кейбір балалар ұялшақ болады да мұғалімнің сұрағына кейде жауап қайтармайды. Бұл -қауіпті құбылыс. Мұндайлармен 1- сыныптан, мектепке келген алғашқы күннен бастап күресу керек. Егер мұғалім 1- сыныптан бастап әрбір оқушыны батыл, қатты дауыспен, анық, ашық сөйлетуді үнемі қадағалап,қолға алса, онан әрі сөйлеу дағдылары тиісті дәрежеде қалыптаса бастайды.

Ауызша сөйлескенде кейбір пікірлерді қысқартып айтуға яки тіпті айтпай-ақ кетуге болады, өйткені ауызба - ауыз сөйлескенде сөздің олқысын ыммен, қас-қабақпен толтыруға мүмкіндік бар.Ауызша сөзге психологиялық сипат гән, өйткені әңгімелесуші адамдар бір- бірінің қас- қабағын, бет-пішініндегі өзгерісті байқап тұрады.Бастауыш сынып оқушыларының жазу тілін дамытуға келсек,мақсаты мен габиғатына қарай бірқатар ерекшеліктері бар. Ол срекшеліктері мынадай: бастауыш сынып оқушылары жазу дыбысының белгілі үш кезеңінен, атап айтқанда, біріншіден, элементтік кезеңнен, яғни балалардың дәптер мен қаламды үстауға үйрену кезеңінен; екіншіден, әрптік кезеңнен, яғни әріптің жеке элементтерін жаза білу кезеңінен; үшіншіден, тез жазу кезеңінен

өтіп, сол кезеңдерде қойылатын талаптарды меңгеруге тиіс болады.Бастауыш сынып оқушыларына тілдің орфографиялық ережелері мен орфоэпиялық дәстүрі де тыңнан үйретіледі.

Бастауыш сынып оқушыларының көрген- білгені де, оқыған материалдары да аз, ой- өрісі де тар, демек сөздік қоры мен ұғым дәрежесі шағын болады. Соның нәтижесінде оларға оқыған материалдарында болсын , табиғатқа, экскурсияға шыққанда болсын, кинокартина, сурет сияқтыларды көргенде болсын, түсініксіз нәрселер мен сөздер көбірек кездеседі. Оның үстіне 1-2 сынып оқушылары, әсіресе мектеп табалдырығын аттаған жас балалар ойын екінші біреуге жүйелі түрде айтып беруге де енді-енді дағдылана бастайды. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының тілін дамыту жұмысы үйрету сипатында болады.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ТАПСЫРМАЛАР ЖҮЙЕСІ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қ.Р мемлекеттік жалпыға міндетті 12 жылдық білім беру стандартында білім беру жүйесінің мақсаттарына байланысты «Білім, білік, дағдылардың негізінде тұлғаның алдына қойған мақсаттарына жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарын тиімді пайдалануға дайындығынан көрінетін құзірет – білім берудің негізгі нәтижесі болып табылады» делініп, оқушының

- проблемеалық шешімін табу құзіреттілігі;

-ақпараттық құзіреттілік

-коммуникативтік құзіреттілікті меңгеруіне ерекше назер аулдарылған.

Осыған орай, коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыру міндеттеріне қазақ және басқа тілдерде коммуникация құралдарын, топтық қарым- қатынас ережелерін меңгеру, ауызша және жазбаша сөйлеу іскерліктерін игеру т.б жатқызылған.

Жалпы бұл құзіреттіліктердің негізі бастауыш сыныптарда қалыптасатын болғандықтан, қазіргі білім беру қызметкерлерінің алдында тұрған басты міндеттердің бірі - тұлғаның коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастырудың теориялық, практикалық шарттарын негіздеу болып табылады. Мәселенің теориялық аспектісіне талдау Б.Т.Ананьев, А.А. Бодалов, А.Н. Леоньев, Б.Р.Ломов, В.Н. Мясищев т.б зерттеулерінде қарым- қатынас орнату тұлғаның белсенділігінің бір формасы ретінде қаралатынын көрсетті. Себебі қарым-қатынас барысында адамзаттың өткен тәжірибелері, құндылықтары, біілімі меңгеріліп, адам іс- әрекет субьектісі ретінде қалыптасады. Сондықтан аталған зерттеушілер қарым- қатынасты тұлғаның маңызды даму факторының бірі ретінде қарастырады.

Келесі зерттеушілер тобы қарым-қатынастың 2 қызметін ерекше атап көрсетеді:

а) ақпараттық қарым- қатынастың дамудың қорғаушы күші және негізгі құралы деп таниды.

ә) бірлескен әрекет- қарым- қатынас нәтижесі адамдардың бірін- бірі түсінуі, бірлесіп әрекет етуі.

Қарым- қатынастың негізгі құралы – тіл. Сондықтан Л.С.Выготский, Л.Р. Лурия, А.А.Леонтьев, Л.А.Чистович т.б педагог, психологтар коммуникативтік қаблетті дамытуды тіл табиғатымен байланыста қарастырады. Аталған зерттеушілер коммуникативтік іс- әрекет ішкі тілек пен сыртқы түрткінің нәтижесінде туындайтынына ерекше көңіл бөледі. А.АЛеонтьевтің пікірінше, адамның негізгі мақсаты- сөйлеу емес, сол сөздің ықпалын пайдалану.

Адамның қарым -қатынас жасау қабілеті психологиялық- педагогикалық әдебиеттерде (Г.М.Андреева, А.Б.Добрович, Н.В.Кузьмина, А. Джекова т.б) комуникативтік қасиет ретінде қарастырылады. Коммуникативтік қасиеттің дамуы арнаулы коммуникативтік іскерліктерді меңгерумен байланысты: қарым-қатынастың құралдарын еркін игеру, қажетті сезімдік ақпаратты бере білу, кері байланыс орнату, әңгімелесушіні тыңдай білу, оның позициясын қабылдау, қарым -қатынасты ұйымдастыру, кез- келген жағдайда қарым- қатынас орнату шеберлігі, әңгімелесушінің ақпаратына талдау жасап, бағалау, оған ықпал ете білу т.б.

Зерттеушілер Ю.М.Жуков, Л.А.Петровский, П.В.Растянников т.б жоғарыда аталған коммуникативтік іскерліктерді меңгеруге, басқа адамдармен байланыс орнатып, оны ұйымдастыра білуге тілдік коммуникативтік құзіреттілік деген анықтама береді.

Бұл пікір білім беру стандартында жалғасып тауып, коммуникативтік құзіреттіліктің төмендегі аспектілері бөлініп көрсетілген:

•жазбаша қатынас (қарапайым және күрделі құрылымдағы жазбаша байланыс формаларын меңгеру, ақпаратты жазбаша өңдеу, мәтінді жазбаша баяндау, жазбаша құжат жанрларын иеру т.б),

• көпшілік алдында сөз сөйлеу

•диалогқа түсу (әңгімені нормалық ережелерге сәйкес бастап ақтау, ақпараттың негізгі мазмұнын қабылдау, диалогты мақсатқа сай жалғастыру үшін сұрақтар қою, сұрақтарға жауап беру т.б)

•өнімді топтық қарым- қатынас орнату (топтық талқы, пікірталасқа қатысу, топтық жұмысты орындау барысында өз жұмысын жауапкершілікпен орындау)

Стандартта көрсетілген іскерліктерді қалыптастыру бастауьпп сыныпта оқытудың коммуникативтік бағыттылығына ерекше назар аударып, осы кезеңнің ерекшеліктеріне сәйкес коммуникативтік тапсырмалардың мүмкіндігін пайдаланғанда тиімді жүзеге асады деп есептейміз, төменде бастауыш сыныптарда сабақ және сабақтан тыс уақытта орындауға ұсынылатын коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыру бағытындағы тапсырмалар түрлерін ұсынып отырмын, бұл тапсырмалар коммуникативтік атмосфера туғызып, оқытудың өзін мақсатқа бағытталған қарым- қатынасқа айналдырады.

Жазбаша қарым қатынас құзіреттілігі	-қарапайым сауалнамаларға жауап беру (өзі туралы, өз қызығушылығы, отбасы, ата- аналары т.б) -құттықтау жазу (жаңа жыл, 8 наурыз, 9 мамыр т.б) -хат жазу (шетелдік құрдасына, жақын туысына т.б) -мәтіннің тірек сөздерін табу; - мәтін мазмұнын көрнекілік арқылы беру;

Көпшілік алдында сөз сөйлеу	• Жалғастыр Менің ойымша... Мен... пікірмен келіспеймін, себебі... Мен... пікірмен келісемін, себебі.. Маған.. ұнайды, себебі.. -Берілген роль бойынша қысқаша хабарлама жасау: -кезекші оқушы -хабарландыру (сыныпта, вокзалда, саяхатқа шығар алдында, концертті бастау үшін т.б)
Диалог	• Этикалық сипаттағы диалогтар -сәлемдесу -өзін- өзі, басқаны таныстыруы; -қоштасу; -құттықтау, тілек айту, оған жауап беру; -әңгімені бастау, аяқтау, оған жауап беру -алғыс білдіру, оған жауап қайтару; -қуаныш, ренішімен бөлісі; -Сұрақ -жауап түріндегі диалог -мақсатты түрде өзіне қажетті ақпарат туралы жан -жақты сұрау; -сұрақ пен хабарды араластыра қолдануы.
Өнімді топтық қарым- қатынас орнату	Өнімді топтық қарым- қатынас орнатудың 3 бағытын жүзеге асыру: -ортақ идея ұсыну, ынтымақтас әрекет ету.Топтық, командалық жарыстар түрінде жүзеге асырылып ұсынылған проблеманы шешудің топтық идеясын ұсыну,

Жоғарыда аталған үлгідегі тапсырмалар сабақ барысында меңгерілген ақпаратты, мәтінді оқушының өз бетімен тілдік қарым- қатынасқа енгізуіне,

олардың тілдік ойлау белсенділігінің артуына ықпалын тигізеді. Тек қана мәтінді меңгеруге арналған тапсырмалар репродуктивтік сипатта болып, оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытпайды. Сондықтан әрбір сабақты оқушылардың тілдік - коммуникативтік іскерлігін қалыптастыруға бағытталып, оқытудың коммуникативтік қағидалары басшылыққа алынуын

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН, СӨЗ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

«Мектеп курсында ана тіліне байланысты оқытылатын тілдік единицалар: дыбыс, сөз құрамы, сөз, қосымша, сөз тіркестері және сөйлем болып табылады. Сондықтан тіл дамыту осы тілдік единицаларға байланысты үйрету қажет», - дейді әдіскер-ғалым А.Жаппаров.

а) Жаңа сөздер үйрету және осы үйренген сөздерінің, сондай-ақ балалардың бұрыннан сөздік қорында бар сөздердің мағыналарын меңгерту.

Мектепке келген бала тілі бір жақты, тек отбасы, ошақ қасында пайданылатын сөздер ғана болуы мүмкін. Атап айтқанда, оның сөздік қорында ауыспалы мағыналы, жалпылық мәнді және түрлі білім саласында қолданылатын термин сөздер аз кездеседі, кейбіреуінде тіпті кездеспейді де.

Баланың сөздік қоры ең алдымен, сол класта жүргізілзетін пән оқулықтары, пайдаланылатын көрнекі құралдар және кластан тыс оқуға арналған көркем әдебиеттермен анықталады.

Балалар жаңа сөздермен тек сыныпта өткізілетін сабақтарда ғана танысып қоймайды, сонымен бірге өз беттерінше кітап оқу, түрлі кластан тыс жүргізілетін жұмыстарға қатысу, кино, театр, саяхатқа бару, радио тыңдау және теледидар бағдарламасынкөру нәтижесінде де жаңа сөздер үйреніп, тіл сындырады.Оқушылардың ақпарат, білім көздерінен өз беттерінше игерген сөздерді дұрыс не бұрыс пайдалануы да мұғалімнің міндеті. Бала сөзінде пайда

болған жаңа сөз, сөз тіркестердің мән-мағынасын ашып, іс- тәжірибеде пайдаланудың жолын да мұғалім көрсетеді.

Сөз – тілдің негізі. Нақты заттар мен құбылыстар, дерексіз ұғымдар, адамның сезімі мен ниеті - сөз арқылы білдіреді.

Сөздік– қоғамның, ұлттың даму деңгейін байқататын белгінің бірі. Сөздігі бай ұлттың рухани байлығы да жоғары болатындығы мәлім, өйткені ғылымы мен мәдениетінің дамуына қарай сөздікте дамиды. Ендеше, оқушыларды мектептен бастап сөздікті пайдалана білуге үйретудің зор маңызы бар.

Сөздік жұмысы суретпен жүргізілетін ~ жұмыспен мазмұндас. Сөздік жұмыстары барысында оқушылардың дербес ойлауына, кеңірек сөйлеуіне, өз бетінше сөздер таба білуіне көбірек көңіл бөлінеді. Дәлірек айтқанда, сөздік жұмыстарын орындау барысында оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу дағдылары қалыптаса бастайды.

Мектептегі сөздік жұмыстарының басты бағыттары;

-әр сыныптағы оқу бағдарламасы бойынша жүргізілетін барлық пән сабақтары арқылы оқушының қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстар туралы түсінігі артып, кеңеюінің нәтижесінде жаңа сөздер мен сөз тіркестерін игерту;

-жаңа сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіру;

-грамматиканың салаларын оқытуға байланысты, заттар мен құбылыстарды классификациялауға , топтарға арналған жаттығулар жүргізу;

-лексикалық жаттығулар сөздердің тура және ауыспалы мағыналарын, слинонимді, омонимді, антонимді игертуге арналған жаттығулар;

-көркем әдеби шығармаларды талдау және мазмұндама, шығарма жаздыру.

Мектеп балаларының сөздіктерін анықтау мақсатында тәжірибе жүргіздік.

Сыныпта 23 оқушы болды. Оларға мынадай тапсырмалар берілді:

үш өлеңді жатқа айтып беру; екі-үш ертегіні өз сөздерімен әңгімелеп айту (қазір теледидардан 4-5 жастағы балалар да ертегі айтып жүр);

3. Берілген сөздерге сөйлем құрау.

Нәтижесінде, бірінші тапсырманы орындаған оқушылар саны - 6. Олардың

оқыған сөздердің жалпы саны 75-80 болды.Ал кейін қайталап айтқызып саралағанымызда, бұл сөздердің төрттен біріне жуығының мағынасын оқушы түсінбейтін болып шықты.Мысалы;

Шекарада - күзете,

Қас қақпайды ағалар.

Балбыраймыз төсекте

Біз - **алаңсыз** балалар, -

деген бір шумақ өлеңде үш сөздің мағынасын ажырата алмады.(қарамен жазылған).

Ал екінші берілген тапсырма бойынша балалардың өздері білетін ертегілерін әңгімелету кезіндегі қолданған сөздердің саны өте аз, 45 - 55 сөздің шамасында. Оның есесіне сөз мағыналарын түгелдей дұрыс түсінетіндерін көрсетті.

Осы тапсырма бойынша бір-екі өлең, бір-екі ертегі білетін, бірақ білгендерін толық айтып бере алмайтын оқушылар саны - 12. Бұл балалардың тіліндегі негізгі кемшіліктер - сөздік қорларындағы жиі қолданылатын сөздердің мүлде аздығы, ауызекі сөйлеу мен үй ішіндегі жергілікті сөздердің кездесетіндігі.

Енді өлең-ертегілер білмейтін және айтуға тырыспайтын оқушылар санын сараптасақ,бұл оқушылар саны - 7. Бұл оқушылардың ауызша сөйлеу дағдылары қалыптаспаған, бойларында белсенділік жетіспейді. Олардың сөздік қорының мөлшерін жеке әңгімелесу кезінде анықтадық.

Балаларға сөз беріп сөйлем құрату (қарағай, өмір, шағала, дос, керемет, кітап).Балалардың берген жауаптары төмендегідей;

Берілген алты сөзге де сөйлем құраған, яғни 10-15 сөз қолдана отырып, әр сөзге 3-4 сөйлем құрастырған оқушы саны - 4.

8-10 сөз қолданып, 4-5 сөзге сөйлем құрастырған оқушының

саны - 11.

5-7 сөз қолданып, 3-4 сөзге сөйлем құраған оқушы саны -8.

3-6 сөз қолданып, 2-3 сөзге сөйлем құрастырған оқушы саны - 5.

Мұндағы басты себеп оқулықтардағы берілген материалдардың бірқатарын

бала ұғынбай, құр оқиды, жаттайды, өйткені ондағы көптеген сөздердің мағынасын балалардың толық түсінбеуінде. Бұл әрине, мұғалімдер мен әдіскерлерді ойландыруға тиіс.

Оқушылар біршама жеткілікті сөздік қор жинау ұшін, күніне барлық сабақта 20-30 жаңа сөз үйренуі тиіс.

Сөздік қорды байытудың негізгі орай, авторлар, шығармалары мен халықтың сөз қазынасы – ауыз әдебиеті мағыналарын тереңірек ұғындыра түсу т.с.с. мақсаттарды Ы.Алтынсарин, Ш.Құдайбердиев, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, көзі, әрине көркем шығарма. Оқулықтардағы мәтіндер балаларға, бір жағынан, бірнеше жаңа сөздер үйрету; екінші жағынан, сөз тіркестерін үйрету;үшінші жағынан, сол сөздер мен тіркестердің көздей отырып, мүмкіндігінше, А.Байтұрсыңов, таңдалған. Осыған ұлы А.Құнанбаев, М.Жұмабаев, Б.Майлин, С.Торайғыров т.б. сынды сөз шеберлерінің үлгілерінен қысқартып, икемдеп болса да, үзінділерберуге тырысқан.Соның арқасында оқушылар ана тілін жоғары дәрежедегі әдеби үлгілердің өзін оқу арқылы үйренеді.

Сөздік жұмысы сабақ барысында жүргізіледі. Мәтінді, ондағы жаңа сөздерді дұрыс қабылдау үшін, сөздік жұмысын жүргізбейінше, мақсатқа жету мүмкін емес. Мысалы шаңырақ, ақ алтын, көкжиек сөздерін дұрыс түсінбесе, дұрыс қабылдай алмайды,оларда елес тумайды.

Түсініксіз сөздер мен ұғымдарды түсіндіру үш кезеңде жүргізіледі:

Мәтінді оқуға дайындық кезеңі;

Мәтінді оқу барысында;

Оқып шыққаннан кейін.

Мәтінді оқуға дайындық кезеңінде шығарманың мазмұнын ұғынуға қиындық келтіретін сөздер түсіндіріледі. Мұнда тағы бір есте болатын жағдай - шығарманы оқымас бұрын онда кездесетін, мағынасы ауырлық келтіреді-ау деген сөздердің барлығын тізіп алып, шетінен түсіндіру керек деген ой тумасқа тиіс. Кейбір сөздердің мағынасы контекске қарай өзінен-өзі түсінікті болатынын

ескеру қажет және оқылмас бұрын көп сөздер мен ұғымдарды түсіндіре бергенімен, ұмытылып қалады да, оған қайта оралу керек болады.

Шығарманы оқу барысында екі-үш сөзбен қысқаша ғана түсіндірілетін сөздер немесе синоним арқылы түсіндірілетін сөздер іріктеліп алынады (мысалы, лашық - кішкентай үй немесе отаршылар - қанаушылар, т.с.с.). Алайда оқу барысында сөз мағынасын түсіндіруді өте байқампаздықпен жүргізу талабы қойылады. Өйткені оқып келе жатқан материалдарды үзіп тастап, сөзді түсіндіруге кірісу – оқушының зейінін алаңдатып, мәтінге деген ынтасы мен қызығуын тежейді де, балалардың бір қатары онан әрі оқылатын материалды тыңдамайды. Мысалы, жоғарыда келтірілген сөздердің өзін алсақ, «отаршылар - қанаушылар» дегенде, балалардың бұрыннан дайындығы болмаса, қанаушының өзіне түсінбей қалуы мүмкін. Ендеше оны «біреудің еңбегін пайдаланушы» сияқты көбірек сөзбен дайындық кезеңінде түсіндіруге тура келеді.

Ал өлең оқу барысында қиын сөздер мүлде түсіндірілмейді (онда сөздік жұмысы өлеңді оқымас бұрын немесе оқып болған соң жүргізіледі). Өйткені өлеңнің ырғағы, дауыс мәнері бұзылып, тыңдаушыға әсері азаяды.

Шығарманың мазмұнын оқушылар тереңірек ұғыну үшін немесе олардың сөздік қорын молайта түсу мақсатындағы сөздік жұмысы мәтін оқылғаннан кейін, яғни шығарманың мазмұнын талдау барысында түсіндіріледі.

Сөздер мен бейнелі ұғымдарды түсіндіруде, мысалы, батырақ сөзін қалай түсінетініндерін білу үшін, «Батырақ» деген не? деп сұрап, өте шығуға болмайды. Мұғалім мәтінде кездесетін мұндай сөздерді өзі әңгіме айтқанда, әңгімесінің ішінде, ал балалардың әңгімесін тыңдағанда, оларға қоятын сұрақтарының ішіне кірістіріп отыруға тиіс.

Сөздік жұмысын жүргізгенде, мұғалімнің есінде болатын жағдай - сөздік жұмысын балалардың өз өмірімен, нақты елестерімен байланыстыру. Ол үшін оқу барысында жаңа сөз кездескенде, оқушыларда осы сөзбен байланысты қандай елестер барын ашуға тырысу керек. Егер ондай елестер жоқ және жеткіліксіз болса, мұғалім затты немесе оның суретін көрсетеді, оған анық

сипаттама береді. Психологтардың айтуы бойынша, сөздік жұмысының әдістемесіндегі басты талап – сөз бен балалар санасындағы бейнелі түрлі жолдармен үнемі ұштастырып отыру. Өйткені сөз бейнесі бала санасында нақты елестің жеткілікті қорынсыз пайда болмайды.

Оқушыларға жаңа сөздердің мағыналарын меңгертудің тәжірибеде сыналған мынадай тәсілдері бар:

1. Бастауыш сынып оқушыларына жаңа сөздің мағынасын түсіндірудің ең қарапайым тәсілдердің бірі - сол сөз бейнелейтін заттың не құбылыстың өзін көрсету.

2. Зат не құбылыстың суретін, макетін, қатырылған сұлбасын көрсету тәсілі.

3. Берілген сөз мағынасын синонимдер арқылы анықтау тәсілі. Жаңа сөздердің мағыналарын оқушыларға айқын танытудың тиімді тәсілдерінің бірі - мағынасы түсініксіз сөзді оның синонимдерімен ашу және салыстыру. Мұғалімнің көмегімен оқушылар бейтаныс сөздің мағынасын өздеріне бұрыннан таныс сөздер арқылы анықтайды. Әкесіне тартқан қағілез, ақсұр бала (Б.Соқпақбаев). Бұл сөйлемдегі қағілез сөзінің мағынасын нәзік, жұқа, тілалғыш, пысық деген синонимдер арқылы танытуға болады.

Оқушылардың сөздік қорын байыту мақсатында қолданылатын бұл әдістің есте ұстайтын тағы бір ерекшелігі бар. Синонимдік қатарда кез келген сөздің өзіне тән реңкі болатыны белгілі. Демек олардың мағыналары қанша жақын болғанымен, бір-бірін дәл қайталай алмайды. Сондықтан кездескен жаңа сөздің мағынасын оның синонимдері арқылы түсіндіргенде, мұғалімнің қосымша анықтама бере кетуіне де тура келеді. Мұндай анықтама беру кезінде мұғалім мағынасы түсіндіріліп отырған сөздің мағыналық бояуына, көркемдік қолданысына оқушылардың назарын аударып өткен жөн.

Бастауыш сыныптарда пайдаланылатын пән оқулықтарында тұрақты сөз тіркестері кездеседі. Сабақ барысында мұндай фразеологизмдерді де синоним сөздер арқылы түсіндіріліп, конттекстік мағынасын игерту мақсатында

сөйлемдер құралады. Мысалы, көзді ашып жұмғанша - тез, лезде; көзі ілінді - ұйықтады; өлейін деп тұрмын - қатты шаршау; су жүрек - қорқақ; жүрек жұтқан - батыр,ер т.б. Тұрақты сөз тіркестерін парафразамен де түсіндіруге, мағынасын ашуға болады. Мысалы, Астана - әсем қала, Қазақстан Республикасының астанасы – әсем қала. Тоқтар Әубәкіровпен мектеп оқушылары кездесу өткізді. Қазақтың тұңғыш ғарышкерімен мектеп оқушылары кездесу өткізді.

4. Сөздің морфологиялық құрамын талдау тәсілі. Кейбір жаңа сөздердің мағынасын морфологиялық құрамын талдау арқылы түсіндіруге де болады. Бұл тәсілдің артықшылығы морфологиялық талдау арқылы оқушы жаңа сөз жасау жолдарына қанығa түседі.

5. Оқушылардың жаңа сөз мағынасын меңгертудің тағы бір тәсілі - логикалық анықтама беру. Бізді қоршаған заттар мен құбылыстар негізгі және негізгі емес белгілерден тұрады. Қай нәрсеге болмасын анықтама беру деген сөз оның барлық қасиеттерін санап көрсету не қамту деген сөз емес. Сондықтан заттарға не құбылыстарға анықтама бергенде олардың басты белгілерін қамтудың өзі де жеткілікті болады.

Мысалы, адам екі аяқты, екі қолды, тік жүретін деп анықтама берсек дұрыс болмас еді. Ал адамның негізгі белгісі оның саналылығы мен бір-бірімен тіл арқылы қарым-қатынас жасайтындығында. Бұларсыз адамға толыққанды анықтама беру жеткіліксіз.Мұғалім белгілі бір сөзге (ұғымға) логикалық анықтама бергенде осы мәселені естен шығармағаны дұрыс. Мысалы, сахна, саябақ, еңбекақы, шаңырақ т.б. Мұғалім бұл сөздерге логикалық анықтаманы былайша беруіне болады. Сахна - әртістер мен әншілердің өнер көрсететін орны. Шаңырақ - уықтар бекітілетін киіз үйдің дөңгелек шеңберлі төбесі.

Жаңа сөзді сөйлем ішінде пайдалану тәсілі. Кейбір жаңа сөздердің мағынасы сөйлем ішінде пайдалану арқылы да түсіндіріледі.

МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ТІЛДІК-КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ ДАМЫТУ

Мемлекеттің көп ұлтты жағдайында тілдерді жетік меңгеру ғылым мен техниканың жетістіктерін меңгеруге, отандық және әлемдік мәдениетті үйренуге кең жол ашады. Қазіргі таңда қойылған міндеттердің орындалуы мемлекеттік тілді үйретудің ары қарайғы жетілдіруін талап етеді.Мемлекеттік тілді үйренуге жақсы жетістіктерге жету үшін мұғалім қазіргі таңдағы ғылым негіздерімен қаруланууы керек. Қазір біз жақсы нәтижелерге жету үшін жаңа технологияларды зерттеу және оны практикада жүзеге асыру қажет. Бұлар Е.И.Пассовтың бөгде тілді үйрету технологиясы, М.Жанпейісованың интерактивтік модульдік технологиясы, Т.Ғалиевтің жүйелеп, деңгейлеп оқыту технологиясы, қарым-қатынастық ойындарды игеруде оқытудың аса құнды және тиімді технологиялсы болып есептелетін филология ғылымдарының профессоры Ә.Жүнісбектің бастауышта сөйлеу пәндік, ауызекі сөйлеу тілдерін қалыптастырумен жетілдіру, сондай-ақ оқу жазудың механизмін игерудегі көздейтіні- үндес оқыту әдістемесі.Оқыту мен жетілдірудің жаңа технологиясын белсенді енгізуге қолдау көрсету міндет. Тіл- адам мен адамды, үлт пен ұлтты жақындастыратын өзгеше қатынас құралы. Тілмен сөйлесу адамзат баласы үшін тысқары бір дүние емес, ол ішкі құбылыс. Сөйлеу тек адамға ғана тән. Адам тіл арқылы бір-бірімен қатынаса алады. Тілді үйрету әдісі үнемі заман талабына, уақыт ағымына қарай өзгеріп, дамып, жетіліп отырады.

ПРАКТИКАЛЫҚ БӨЛІМ

ТІЛ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ

1- сабақ. Сөйлеу, сөйлеу түрлері

Пәні: Қызықты грамматика

Тақырыбы: Сөйлеу, сөйлеу түрлері

Мақсаты: Тіл және сөйлеу туралы білімдерін тереңдету, байланыстырып сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Сөйлеудің түрлерімен таныстыру.

1 – тапсырма. Әрбір аяқталмаған сөйлемді оқып, оның астындағы берілген сөздердің біреуін ғана пайдаланып, сөйлемдегі ойды аяқта.

1). Жексенбіден кейін _____

(жыл, сағат, дүйсенбі)

2). Алманың ішінде әруақытта _____

(құрт, тұқымы, гүл)

3). Тау өзенінің ағысы _____

(ақырын, күлкілі, қатты)

4). Бүгіннен кейін _____

(биыл, ертең, былтыр)

5). Әкеден кейін _____

(немере, бала, шөбере)

6). Сағат тілі _____

(жоғарыдан төмен қарай, оңнан солға қарай, солдан оңға қарай қозғалады).

2 – тапсырма. Суретке әңгіме құрастыр.



ФОНЕТИКА

2- сабақ. Әліпби, дыбыс, әріп

Пәні: Қызықты грамматика

Тақырыбы: Әліпби, дыбыс, әріп

Мақсаты: Дыбыс және әріп туралы алған білімдерін шыңдай түсу және толықтыру.

1 – тапсырма. Сөздерді оқы. Олардың мағынасын түсін. Жуан естілетін сөздерді бір жолға, жіңішке естілетін сөздерді екінші жолға жаз.

Киім, қиын, үю, құю, Әлия, Сая, жеу, бау, түю, сия, сыю, тыю,үлкею.

Жуан: Киім, Әлия, жеу, үлкею, сия, үю, түю.

Жіңішке: Қиын, бау, тыю, сыю, құю, үю, Сая.

2 – тапсырма. Көп нүктенің орнына и, й, әріптерінің бірін қойып жаз. Олардың алдында жазылып тұрған әріптердің астын сыз. И, й қандай дыбыстарға жатады?

О...ла, ж...налыс, сы...ла, ...нелік, бә...ге, оқ...ды, а...на, түе, к...ім, түме.

3 – тапсырма. Шығармашылық тапсырма.



3- сабақ. Дауысты , дауыссыз дыбыстардың түрлері

Пәні: Қызықты грамматика

Тақырыбы: Дауысты , дауыссыз дыбыстардың түрлері

Мақсаты: Дауысты, дауыссыз дыбыстардың айырмашылығын ажырата білуге үйрету және олардың түрлерін толық меңгерту.

1 – тапсырма. Өлеңдегі кездесетін үнді дауыссыз дыбыстарды теріп жаз:

Әкем менің - қауыншы,

Апам менің - сауыншы.

Ағам менің - егінші,

Жеңгем менің - тігінші.

Ж: м, н, ң, у.

2 – тапсырма. Жаңылтпаштан ұяң дауыссыз дыбыстарды тап:

Былтыр бүлдірді,

Бұл жылы бүлдірді,

Бүлдіргіштігін білдірді.

Ж: б, д, ж, г

3 – тапсырма. Жылан сөзіне дыбыстық талдау жаса:

Жылан - 5 әріп, 5 дыбыс, 2 буын

ж - дауыссыз, ұяң

ы - дауысты, жуан

л - дауыссыз, үнді

а - дауысты, жуан

н - дауыссыз, үнді

4 – тапсырма. Жаңылтпаштан қатаң дауыссыз дыбыстарды теріп жаз:

Қара сиыр ала сиырды жалап тұр,

Ала сиыр қара сиырға қарап тұр.

Ж: қ, с, т, п

Аа	Дд	Йй	Ңң	Тт	Һһ	Ыы
Әә	Ее	Кк	Оо	Уу	Цц	Іі
Бб	Ёё	Ққ	Өө	Ұұ	Чч	Ьь
Вв	Жж	Лл	Пп	Үү	Шш	Ээ
Гг	Зз	Мм	Рр	Фф	Щщ	Юю
Ғғ	Ии	Нн	Сс	Хх	Ъъ	Яя


ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР
Дауысты дыбыс өкпеден шыққан ауаның еш кедергіге ұшырамай, еркін шығуынан жасалады.
А, Ә, И, Е, Ы, І, О, Ө,У,Ұ,Ү,Э
Тілдің қатысына қарай
Жақтың қатысына қарай
Еріннің қатысына қарай
Ашық
Қысаң
Жуан
Жіңішке
Еріндік
Езулік
referatikz.ru


Дауыссыз дыбыстар:
б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң,
п, р, с, т, ф, х, ц, ч, ш, щ, һ, (у) (25 дыбыс)
Түрлері
Қатаң
Ұяң
Үнді
п, ф, к, қ, т,
с, ш, щ, х, ц, ч
б, в, г, ғ,
д, ж, з, һ
р, л, м, н,
ң, й, у,

4-сабақ. Буын, буын түрлері, тасымал

Пәні: Қызықты грамматика

Тақырыбы: Буын, буын түрлері, тасымал

Мақсаты: Буын, тасымал туралы бірінші сыныпта алған білімдерін еске түсіру, буын түрлерін бір-бірінен ажырата білу, қайталау; дауысты дыбыстың буын құрайтыны, буынға бөлінген сөздердің барлығы бірдей тасымалдана бермейтіні туралы түсініктерін тереңдету.

1 – тапсырма. Кез-келген дыбыс беріледі, сол дыбысқа байланысты сөз құрау.С одан соң сол сөзге сөйлем құрату, буынға бөлу.

Дыбыс: Әә

Сол дыбысқа байланысты сөз жазу: әнші

Ауызша сол сөзге сөйлем құрату, буынға бөлу.

2 – тапсырма. Талдау жұмысы

Әр оқушы өз туған мекенінің атауына фонетикалық талдау жасайды.

Ал –тұйық буын

ма – ашық буын

ты –ашық буын

а – дауысты, жуан, ашық, езулік

л – дауыссыз, үнді ауыз жолды.

м – дауыссыз, үнді, мұрын жолды

т – дауыссыз, қатаң.

ы – дауысты, жуан, қысаң, езулік.

Тасымалдау ережелерін еске түсіру:

– Бір буынды сөздер тасымалданбайды;

– Тек дауысты дыбыстан болған буын тасымалданбайды;

– Дефистен кейін дауыссыз дыбыстан басталып тасымалдануы керек;

– Жалғыз дыбыс тасымалданбайды.

Бір сөздің бірнеше тасымалдану үлгісін көрсету. «Оқушылардың» сөзін буынға бөлгізу. О - қу - шы - лар - дың (5 буын), 5 - буынды сөз 3 жолмен тасымалданады, себебі жалғыз әріптен тұратын буын тасымалданбайды.

Тасымалдау жолын көрсету:

Оқу – шылардың, оқушы – лардың, оқушылар – дың.







5-сабақ. Тапсырмалар орындау

Пәні: Қызықты грамматика

Тақырыбы: Тапсырмалар орындау

Мақсаты: Сөздердің дұрыс жазылуы, буын, тасымалға байланысты оқушылардың білімдерін тереңдету және анықтау.

Тест

1.Төмендегі сөздердің қайсысы буынға дұрыс бөлінген?

а) өз-ен

ә) ө-зен

б) ө-зе-н

2. Дұрыс тасымал жасалған сөзді табыңдар:

а) сыз-ғыш

ә) сы-зғыш

б) сызғ-ыш

3. Төмендегі сөздердің қайсысы дұрыс жазылған?

а) оқыу

ә) оқу

б) оқұу

4. «Тәуекел» деген сөзде неше буын бар?

а) 4

ә) 3

б) 2

5. «Саусақ»деген сөзде неше буын, неше дауысты дыбыс бар?

а) 3 буын, 3 дауысты дыбыс

ә) 2 буын, 2 дауысты дыбыс

б) 2 буын, 3 дауысты дыбыс

6. Дұрыс буынға бөлінген сөзді тап.

а) та-уық

ә) тау-ық

б) т-ау-ық

7. Артық сөзді тап.

а) қайық

ә) дауыл

б) оқушы

8. Дұрыс тасымал жасалған сөзді тап.

а) а-уы-рып

ә) ау-ыр-ып

б) а-уыр-ып

9. Дұрыс жазылған сөзді тап

а) силады

ә) сыйлады

б) сыйылады

10. Артық сөзді тап

а) жаңбыр

ә) жетпей

б) жау

МӘТІН

6- сабақ. Мәтін, мәтін түрлері

Пәні: Қызықты грамматика

Тақырыбы: Мәтін, мәтін түрлері

Мақсаты: Мәтін және оның түрлері туралы берілген ұғымды кеңейту, еске түсіру.

1 – тапсырма. Жұмбақ ойын. «Бұл қай құс?».

Әр қатар әр құсты сипаттау арқылы бір-біріне жұмбақ жасырады.

1 қатар Бұл – өте сүйкімді, бауыры ақ, пайдалы. Бір жылда бір миллион құрт жейді. Ұясын адамға жақын жерге салады. Бұл құсты адамның досы деп те аталады. Ендеше бұл қай құс? – Қарлығаш

2 қатар Бұл құстың тұмсығы ұзын, ағаш діңінде отырып, тұмсығын дінге тоқ-тоқ соғады. Ағаш қабығындағы құрт, көбелектерді тазалайды. Бұл құсты емші құс деп те атаймыз, Бұл қай құс – Тоқылдақ.

3 қатар Өте айлалы, өте сақ құс. Маңына ешкімді жуытпайды. Бұл құстың ұшуы да ерекше, ол ауада ұшпай бейне бір таңғажайып мұхитта жүзіп «сүңгіп» жүргендей әсер қалдырады.
«Құсты ұшқанына қарай біл» деген мақал тура осы құсқа айтылғандай
Ендеше, бұл қай құс? – Сауысқан.

1 – тапсырма. Сөзжұмбақты шеш.



7-сабақ. Мәтін түрлерін жазып үйренейік

Пәні: Қызықты грамматика

Тақырыбы: Мәтін түрлерін жазып үйренейік

Мақсаты: Оқушыларды мәтіннің түрлерін ажырата білуге үйрету. Мәтін түрлерінің ішкі құрылымдық ерекшеліктерін ұғындыру. Тірек сызба арқылы мәтін құрауға үйрету. Байланыстырып сөйлеу дағдысын және сөздерді қолдану ерекшелігі арқылы сөйлеу мәдениетін дамыту.

1 – тапсырма. Әңгімелеу мәтінін түсінгендерін байқау.

Ақбөкен

Ақбөкендер ен даланы мекендейді. Олар топ - тобымен жайылады. Кәрі ақбөкендер қарауыл қарайды. Қауіп төнгенде пысқырып дауыс береді.

- Бұл мәтіннің қай түрі?

-Мәтінге қандай ат қояр едіңдер?

Лашын

Лашын-жыртқыш құс. Оның арқасы көк сұр, ал алқымы ақ сұрлау болып келеді. Көзі дөп-дөңгелек, қап-қара. Қанаты ұзын және сүйір.

- Бұл мәтіннің қай түрі?

-Мәтінге қандай ат қояр едіңдер?

2 – тапсырма. Топтық жұмыс.

1 - ші топқа " Бауырсақ " ертегісінің суреттері реті шатасып беріледі және ертегінің мәтіні де шатастырылып беріледі.

Берілген суреттерге сай келетін мәтін бөлігін тауып оқу және ертегіні дұрыс құрастыру.

2 - ші топқа " Шалқан " ертегісінің суреттері реті шатасып беріледі және ертегінің мәтіні де шатастырылып беріледі.

Берілген суреттерге сай келетін мәтін бөлігін тауып оқу және ертегіні дұрыс құрастыру.

8-сабақ. Мәтін түрлерін жазып үйренейік

Пәні: Қызықты грамматика

Тақырыбы: Мәтін түрлерін жазып үйренейік

Мақсаты: Оқушыларға мәтіннің бөліктері туралы білімдерін тереңдету. Дұрыс құрылмаған мәтінді қайта құру арқылы сөйлемдердің байланысын көрсету. Мәтіннің тақырыбы мен ондағы негізгі ойды анықтау.

1 – тапсырма. Проблемалық әдіс

Бақытжан мен Қазыбек әңгімелесіп отыр еді. Бір кезде түтіннің иісін сезді. Орындарынан тұрып жан - жағына қарады. Көрші үйдің қорасы, өртене бастағанын көрді. Екеуі солай қарай жүгірді.

Өртке кінәлі кішкентай балалар болып шықты. Екі бала өртті сөндіруге кірісті.Екі баланың ісіне ел риза болды.

1. Бұл тыңдағандарың не?
2. Мәтінде неше сөйлем бар?
3. Әр бөлік неден басталған?
4. Сөйлемдер бір - бірімен байланысып тұр ма?
5. Мәтінге қандай ат қоюға болады?
6. Мәтіндегі негізгі ой қандай?

2 – тапсырма. Орны ауыстырылып берілген сөйлемдерден мәтін құра.

Бөлменің ауасы таза. Оның терезелері үлкен. Мынау – менің бөлмем. Оң жақта менің төсегім тұр. Сол жақта үстел, орындықтар қойылған.



СИНТАКСИС

9- сабақ. Сөйлем, айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлері

Пәні: Қызықты грамматика

Тақырыбы: Сөйлем, айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлері

Мақсаты: Сөйлем туралы түсінік беру, мағынасына қарай хабарлы, сұраулы, лепті сөйлем болып бөлінетіні жөнінде білімдерін тереңдету.

1 – тапсырма. Орны ауысқан сөйлемдер берілген.. Сөйлемді дұрыс құрап, тыныс белгісін қойып шық.

А) Әсел, айтады, ән, Отан туралы.

Ә) Болат, тартады, домбыра.

Б) Концерт, қоясыңдар, ма, сендер.

В) Қандай, оның, даусы, керемет.

2-тапсырма. Келісемін. Келіспеймін сөздерін қойып шық.

1.Сөйлем тиянақты ойды білдіреді

2.Сұраулы сөйлемнен кейін сұрақ белгісі қойылады.

3.Сөйлемнің бірінші сөзі кіші әріппен жазылады

4.Сөйлем буыннан құралады.

5.Далада жаңбыр мен қар жауды.

6.Сөйлем айтылуына қарай 4-ке бөлінеді.

3-тапсырма. Әңгімеле.



10-сабақ. Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді құрып жаза білейік

Пәні: Қызықты грамматика

Тақырыбы: Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді құрып жаза білейік.

Мақсаты: Оқушылардың білім-білік дағдыларын қалыптастыра отырып, сөйлем, сөйлем түрлерімен таныстыра отырып, олардың айырмашылығымен топтастыру, сұраулы сөйлем, хабарлы сөйлем, лепті сөйлем туралы білімдерін толықтыра отырып, айтылу мақсатына қарай сөйлемдердің түрлерін анықтау.

1-тапсырма.Жұмбақ жасыру

1.Мен де сөзден тұрамын,
Сұраулы ойды құраймын. (Сұраулы сөйлем, сұрау белгісі)

2.Өзім сөзден тұрамын,
Хабар мен нүкте жинағым. (Хабарлы сөйлем, нүкте)

3.Қуану, ренжу, өкіну,
Мақсатым соны сездіру.
Ұранды да айтамын,

Қарқындап барып қайтамын. (Лепті сөйлем)

2-тапсырма. Сөз құра.

“Тәуелсіздік” сөзінен бірнеше сөз жаз.

3-тапсырма. Сөйлем түрлерін ата.



11-сабақ. Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді құрып жаза білейік

Пәні: Қызықты грамматика

Тақырыбы: Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді құрып жаза білейік.

Мақсаты: Оқушыларға сөйлем түрлерінің бір-бірінен айырмашылығын табуға және олардың жазылу ерекшелігін білуге үйрету.

1-тапсырма. Мақал берілген. Сұраулы сөйлемге айналдырып жаз.

1.Береке көзі бірлікте.

2.Отан оттан да ыстық.

3.Ер қанаты ат.

4.Сөз тапқанға қолқа жоқ.

2-тапсырма. Сәйкестендіру тесті

Хабарлы сөйлем	жауап алу мақсатында айтылады
Лепті сөйлем	тиянақты ойды білдіреді
Сұраулы сөйлем	көтеріңкі көңіл күйді білдіреді

3-тапсырма. Сөйлем түрлерін белгіле (+).

№	Мысалдар	Хабарлы	Сұрулы	Лепті	Бұйрықты
1	Оқуың басталды ма				
2	Аспан шайдай ашық				
3	Бұл- Байжанның талай келген үйі				
4	Қане, жігіттер аттарынды үү қамдандар				
5	Түн жым-жырт				
6	Сен бері қарашы				
7	Па, шіркіннің сөзі				
8	Ол бүгін келер ме екен				

12-сабақ. Диктант

Пәні: Қызықты грамматика

Мақсаты: Оқушылардың сауатты жазуын қалыптастыру.

Сын жұмысы

Ана тілі

Тәуелсіз ел болуымыздың басты жетістіктерінің бірі – қазақ тілінің мемлекеттік тіл деген мәртебеге ие болуы. Менің ойымша әрбір қазақ баласы ана тілін сүйіп, қастерлеп, ана тілінде сөйлеу керек. (27 сөз)

Тапсырма. Тіл сөзіне дыбыстық талдау жаса.

Тіл – 1 буын, 3 әріп, 3 дыбыс.

Т- дауыссыз дыбыс, қатаң

і- дауысты дыбыс, жіңішке

л- дауыссыз дыбыс, үнді.

ЛЕКСИКА

13 - сабақ. Сөз, сөздердің мағыналары

Пәні: Қызықты грамматика

Тақырыбы: Сөз, сөздердің мағыналары

Мақсаты: Сөздердің әртүрлі мағынасымен таныстыру; сөздерді мағынасына қарай сөйлем ішінде орынды қолдана білуге үйрету.

1-тапсырма. Көп нүктенің орнына қарама - қарсы мағыналы сөздерді жаз.

қатты -..... жүру -.....

таяз -..... кию -.....

жылы -..... кіру -.....

кең -..... сөйлеу -.....

● әр бағандағы сөздердің ортақ қасиетін табу, қай сөз табына жататынын анықтау;

● тасымалданбайтын сөзді табу.

2 -тапсырма. « Бір әріптің ізімен» дидактикалық ойыны

Жжж (жолдас), Ддд (дос), Ыыы (ылғалды), Сссс (суық), Ббб (бала),

Ттт (тоңу)

Берілген әріптермен және сөздермен сөйлем құрап айту

• Жолдасым желмен жарысты. Жарас жақсы жігіт.

• Досым допты домалатты.

• Суық сумен сүртіндім.



14-сабақ. Синоним сөздер

Пәні: Қызықты грамматика

Тақырыбы: Синоним сөздер

Мақсаты: Қазақ тіліндегі мағыналары бір - біріне жақын сөздер туралы білімдерін тереңдету.

1-тапсырма. Төменде берілген сөздердің мәндес сыңарларын тауып, тұсына жаз.

Дос,...

батыр,...

бет,...

ақырын,...

2-тапсырма. Берілген «Қанат» сөзінің әр әрпіне мәндес сөздер ойлап тауып жазыңдар.

Қ - қайратты, қажарлы, т. б.

А - аққөңіл, ақжарқын, адал, т. б.

Н - намысшыл, намысқой

А - ақылды, анғарымпаз

Т - тапқыр, талантты

3-тапсырма. Шығармашылық тапсырма

*Көп нүктенің орнына сол сөзге мәндес сөздерді тауып жаз және сөйлем құра.

Сұлу, … (әдемі, көрікті, ажарлы)

Атақты, … (әйгілі, белгілі, көрнекті)

Суық, … (мұздай, салқын)



15- сабақ. Омоним сөздер

Пәні: Қызықты грамматика

Тақырыбы: Омоним сөздер

Мақсаты: Омонимдер туралы түсінік беріп, тақырыпты мысалдар арқылы бекіту, сөздердің мағыналарын таныту.

1-тапсырма. Топпен жұмыс. «Ұйқасын тап» ойыны

1 - топ

● Ыстық та туып та,

Шыдамаймыз …. (суыққа)

● Ащы терім ақты

Жеміс өсті …. (тәтті)

2 - топ

● Халқың үшін жаның сал

Қарғыс алма … (алғыс) ал!

● Ақылсыздар ұқпайды,

Аққа …(қара) жұқпайды.

3 - топ

● Еңбекші болсаң ерінбе,

Ауырдың өзін …(жеңіл) де.

● Сөздің де дұрысы бар … (бұрысы бар)

Әр кез дұрыс сөйлеуге тырысыңдар.

2-тапсырма. Омоним сөздерді тап.



16- сабақ. Антоним сөздер

Пәні: Қызықты грамматика

Тақырыбы: Антоним сөздер

Мақсаты: Қарама-қарсы мағыналы сөздер туралы түсініктерін тереңдету; берілген сөздерге қарама-қарсы мағыналы сөз тауып айта білуге үйрету.

1-тапсырма. Бірінші қатардағы сөздерге екінші қатардан қарама –қарсы мағыналы сөздерді тауып жаз.

Тар

Жас

Қалың

Кіру

Көшу

Жұмсақ

Ұзын

2-тапсырма. Жұмбақ шешу.

● Қарамен жазылған сөздерді қарама - қарсы мағыналы сөздермен алмастыр.

Жақыннан әкеп хабарды.

Ренжітер барлық адамды.

Алыстан әкеп хабарды,

Қуантар барлық адамды. (жеделхат)

Жеңілдікпен аршылар,

Көзіңнен жас тамшылар.

Қиындықпен аршылар,

Көзіңнен жас тамшылар. (пияз)

● Бес жолды өлең құрастыру

1. Пияз
2. Ащы, пайдалы.
3. Аршылады, ашытады, өседі.
4. Жуа
5. Аршыған кезде пияз көзді ашытады.

17-сабақ. Тапсырмалар орындау

Пәні: Қызықты грамматика

Тақырыбы: Тапсырмалар орындау

Мақсаты: Синоним, омоним және антоним сөздерге қатысты білімдерін тереңдету және әртүрлі тапсырмалар арқылы игерген білімдерін анықтау.

1-тапсырма. Өзіндік жұмыс

● Мәндес сөздерді бір бөлек, қарама - қарсы мағыналы сөздерді бір бөлек жаз.

● Қалаған 3 - 4 сөзбен сөйлем құрап жаз.

1. еріну – жалқаулану, есептеу – санау, қайталау – пысықтау;
2. ақырын – шапшаң, апару –әкелу, бастау – аяқтау, тоңу – жылыну.

Сөйлемдер мынадай болуы мүмкін

Шаршы топта сөз бастау қиын. Қайталау – білім анасы. Тоңған кісілер үйге кіріп жылынды.

2-тапсырма. Берілген мақалдардың ішінен антонимдерді тап.

Бетегеден биік, жусаннан аласа.

Үлкенге - құрмет, кішіге – ізет.

Көз қорқақ, қол батыр.

Дос жылатып айтар, дұшпан күлдіріп айтар

Жақсымен дос болсаң, жетерсің мұратқа,

Жаманмен дос болсаң, қаларсың ұятқа.

Ағаш кессең, ұзын кес, қысқартуың оңай,

Темір кессең, қысқа кес, ұзартуың оңай.



18 - сабақ. Тапсырмалар орындау


Пәні: Қызықты грамматика

Мақсаты: Синоним, омоним және антоним сөздерге қатысты білімдерін тереңдету және әртүрлі тапсырмалар арқылы игерген білімдерін анықтау.

1-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қой.



2-тапсырма. Антоним сөздерді тап.



СӨЗЖАСАМ

19- сабақ. Сөз, түбір, қосымша

Пәні: Қызықты грамматика

Тақырыбы: Сөз, түбір, қосымша

Мақсаты: Түбір мен қосымша туралы түсініктерін кеңейту. Түбір сөзден қосымшаны ажырата отырып, байланыстырып сөйлеуін жеңілдету, белсенділіктерін арттыру.

1-тапсырма. Енді мынандай тапсырмамен карточка беріледі.

1 қатарға: Түбір сөзді тауып, тақтаға шығып, жазады. (Қыста, ағаштар, шанамен, қардан, терезеге)

2 қатарға: Түбір сөзге жалғанатын қосымшаны жазады. (- мен,- та,- ге,- тар,- дан).

2-тапсырма. Сәйкестендір



Қосымшалы сөз	түбір	қосымша
адалдық	адал	дық

20 – сабақ. Қосымшаның түрлері

Пәні: Қызықты грамматика

Тақырыбы: Қосымшаның түрлері

Мақсаты: Сөз туралы ұғымды пысықтату, оқушыларға қосымшалардың қызметтері әр түрлі болатынын байқату, сол арқылы жұрнақ пен жалғау туралы түсініктерін тереңдету.

1-тапсырма. **Суретпен жұмыс:**



- Жылдың қай мезгілі бейнеленген?
- Суреттен кімдерді көріп отырсыңдар? (Балаға ат қою.)
- Қарт әжей не істеді?
- Марат не істеді?

Қарт әжей Маратқа алғыс айтты, – деген сөйлемді қосымшасыз айтып көрелік.Сонымен қосымша да бізге керек екен.

2-тапсырма. **Суретпен жұмыс:**



Мынау не?

Бүркіт сөзіне қосымша жалғап көрелік.

21- сабақ. Қосымшаның түрлері

Пәні: Қызықты грамматика

Тақырыбы: Қосымшаның түрлері

Мақсаты: Сөз туралы ұғымды пысықтау, оқушыларға қосымшалардың қызметтері әр түрлі болатынын байқату, сол арқылы жұрнақ пен жалғау туралы түсініктерін тереңдету.

1-тапсырма. **Кубизмді пайдалану барысында білімдерін тексеру. 6 қыры бойынша тапсырмалар беріледі.**



Қорытынды:

дәптерлер

балалық

қалада бастық

далада көлшік

2-тапсырма. Суретке қарап сөйлем құра, қосымшаларын белгіле.

A) Сызба арқылы сөйлем құрастыр. .



B) Сызба арқылы сөйлем құрастыр. .



C) Сызба арқылы сөйлем құрастыр. .



22 - сабақ. Тапсырмалар орындау

Пәні: Қызықты грамматика

Тақырыбы: Тапсырмалар орындау

Мақсаты: Сөз, түбір, қосымшаға қатысты тест арқылы оқушылардың білімдерін анықтау.

Сөз құрамын қайталауға арналған тест тапсырмалары

1.Сөздің одан әрі бөлінбейтін мағынасы бар бөлігі – …..

A) түбір

B) жалғау

C) жұрнақ

2.Сөздің мағынасын өзгертетін қосымша – …..

A) жалғау

B) буын

C) жұрнақ

3.Түбірлес сөздер қатарын белгіле.

A) оқулық, оқушы;

B) кітап, оқулық;

C) оқушы, шәкірт.

4.Сөз мағынасын өзгертпейтін қосымшаның атауын белгіле.

A) жалғау

B) жұрнақ

C) қосымша

5.Түбірге қосымшалардың жалғану ретін көрсет.

A) түбір + жалғау + жұрнақ;

B) түбір + жұрнақ + жалғау;

С)түбір-түбір+жалғау

6.Түбір сөзді белгіле.

А) орын

В) бастық

С) атақты

7.Жұрнақ…

А) Сөздің мағынасын өзгертпейді

Ә) Сөздің мағынасын өзгертеді

С) Сөздің ең кішкене құрамы

8. Сөз дегеніміз не?

А) мағынасы жоқ.

Ә) дауысты дыбыстардан құралады.

Б) дыбыстардан құралады, белгілі бір мағынасы бар.

9. Мақалды аяқта. **Оқу – білім …….., білім – өмір….. .**

А. Бұлағы,шырағы

Ә. Асылы,өткелі

Б. Қайығы,бұлағы

10.Түбір дегеніміз не?

А.Сөздің одан әрі бөлінбейтін бөлігі

Ә. Сөзге қосылатын жалғауды

Б. Жұрнақсыз сөзді

МОРФОЛОГИЯ

23-сабақ. Зат есім, түрлері

Пәні: Қызықты грамматика

Тақырыбы: Зат есім, түрлері

Мақсаты: Оқушыларға зат есім туралы білімдерін тереңдету.

1-тапсырма. Қысқаша тест

1.Зат есім дегеніміз не?

а)Заттың атын білдіреді

ә)заттың сынын білдіреді

2. Зат есімнің сұрақтары?

а)Кім? Кімдер?

ә)кімнің? Ненің

3. Асан ойнады .Сөйлемнензат есімді тап

а)ойнады

ә)Асан

2-тапсырма. Әр жұпқа берілген сұрақтарға бірнеше мысалдар жазып оқуы керек.

I жұп: Кім? (әнші, ақын, оқушы, дәрігер...)

II жұп: Кімдер? (балалар, күйшілер, малшылар ...)

III жұп: Не? (ауыл, кітап, қоян, шелек..)

IV жұп: Нелер? (дәптерлер, бақалар, ...)

3-тапсырма. Жекеше және көпше зат есімнің айырмашылығын айтып мысал келтір.

Берілген зат есімдерді жекеше түрін бір бөлек, көпше түрін бір бөлек топтастырып жазыңдар: аю, ұшқыш, тазылар, мүйіз, желімдер, қайыңдар, айна, бөренелер, қанат, аспаптар.





Зат есім

- Кісі аты-жөні, жер-су аттары, жан-жануарларға қойылған атаулар бас әріппен жазылады. Оларды **жалқы есімдер** дейді.
- Жалқы есімдерден басқа зат есімдерді **жалпы есімдер** деп атайды. Жалпы есімдер кіші әріппен жазылады.

24 - сабақ. Зат есім, түрлері

Пәні: Қызықты грамматика

Тақырыбы: Зат есім, түрлері

Мақсаты: Зат есімнің жекеше және көпше түрлері туралы түсінік бере отырып, жаттығулар орындау арқылы, сөйлем ішінен оларды таба білуге үйрету.

1-тапсырма. Өлеңді көшіріп жаз. Қарамен жазылған сөздердің астын сыз.

Біздің ғалым ***ағалар,***

Біздің ғалым ***апалар***

Ашты жолды аспанға.

Әлі ұшамыз алысқа,

Алыс Айға, Марсқа

Ереже түсіндірмесі

Кім? Не? *Сұрақтарына жауап беретін сөздер зат есімнің жекеше түрі дейміз:* **ата, құс, түйе.**

Кімдер? Нелер? *Сұрақтарына жауап беретін сөздер зат есімнің көпше түрі дейміз:* **аталар, құстар, түйелер**

2-тапсырма. Көптік жалғауларының тиістісін қойып жаз.

Ауданда суретші (-тер,-дер, **-лер**) жарысы өтті. Бала(-лер, -дар**,-лар**) сурет салуды жақсы үйренген. Жеңімпаз **(-дар,-**дер, -тар) ға сыйлық (**-тар**, -дар, -тер) тапсырылды.

3-тапсырма. Жұмбақ шешу.


а) Қалың киімді ұнатады, шешіндірсең жылатады. (пияз)

ә) Аяғы біреу, қолы жоқ,
өзі сөйлей білмейді.
салған ізі сөйлейді. (қалам)

б) Күн күледі,

жер түледі. (көктем)

4-тапсырма. Сөзжұмбақты шеш.



5-тапсырма.Адасқан суреттерді орнына қой.



25 - сабақ. Етістік, түрлері

Пәні: Қызықты грамматика

Тақырыбы: Етістік, түрлері

Мақсаты: Оқушыларға етістік туралы түсініктерін тереңдету, заттың қимылын білдіретін сөздерді ажырата білуге, оларды мәтіннен таба білуге үйрету.

1-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазу.

Тоғайда түрлі аңдар..... Терең шатқалға қояндар..... Қызыл түлкі тоғайда..... Тиіндер ағаштан ағашқа.....

Керекті сөздер: жүреді, жасырынады, болады, секіреді. Әр топтан бір оқушы тақтаға, ал қалғандары дәптерлеріне орындайды.

2-тапсырма. Берілген етістіктерді қатыстырып сөйлемдер құра.

1 - топ. Қонды. 2 - топ. Жауды. 3 - топ. Тасыды. 4 - топ. Жүзді.

Мысалы: Биыл қой жылы қар қалың жауды. Әр топ оқушылары ой бөлісіп жазады. Әр топтан бір оқушы оқиды.

3-тапсырма. Кім шапшаң? ойыны.

Суреттегі зат атауларын олардың қимылын білдіретін сөздермен айту.

_____ арсылдайды._____мияулайды._____шырылдайды. Шыбын _____. Әтеш_____.

4-тапсырма. Сөйлемдерді көшіріп жазып,етістіктерді тап.

Ажар биледі. Әсет сурет салып отыр. Құстар жылы жаққа ұшып кетті. Сәуле ертегі оқыды.

26- сабақ. Етістік, түрлері

Пәні: Қызықты грамматика

Тақырыбы: Етістік, түрлері

Мақсаты: Оқушылардың етістік туралы жыл бойы алған білімдерін пысықтау, қорытындылау. Сөйлемдерден етістікті табуға, етістіктің түрлерін ажырата білуге, дара етістікті күрделі етістікке айналдыруға арналған тапсырмаларды орындау.

1-тапсырма. Шығармашылық жұмыс

- Бұлбұл бақылдайды
- Сиыр сайрайды
- Аққу мөңірейді
- Бақа қарқылдайды
- Тырна сұңқылдайды
- Түйе қаңқылдайды
- Қаз боздайды
- Қарға тыраулайды

2-тапсырма. Жұмбақты оқу, шешуін табу, етістіктерді теріп жазып, сұрақ қою, сөйлемді етістіксіз айтып көру.

- Етістік не үшін керек екен?

Көл бетінде қалқиды,
Мақта сынды үйілген.
Үні әсем сан қилы,
Мойны да әсем иілген.
Мамығын ол тарайды,
Маңғаздана қарайды. (Аққу)

Сұрақтар

- Аққу деген не?
- Ол туралы не білесіңдер?

- Тағы қандай құстарды білесіңдер?

- Олардың пайдасы қандай?

- Аққу туралы, жалпы құс туралы қандай мақал - мәтел білесіңдер?

Аққуды атпа, досыңды сатпа.

27- сабақ.Сын есім, түрлері

Пәні: Қызықты грамматика

Тақырыбы: Сын есім, түрлері

Мақсаты: Сын есім туралы білімін тиянақтау; сөйлемнен, мәтіннен сын есімді табу дағдысын жетілдіру; сын есімнің зат есіммен байланысын анықтау; сөздік қорын молайту.

1-тапсырма. Сурет бойынша жұмыс

Суреттегі заттарды салыстырып, айырмашылығын сөйлем арқылы айт.

1. Қызыл кітап жуан, ал сары кітап жіңішке.

2. Пияз ащы, ал сәбіз тәтті.

3. Түнде қараңғы, ал күндіз жарық болады.

Берілген сын есімдер заттың сапасын білдіреді деген қорытынды жасалады.

2-тапсырма. Берілген сын есімдерге мәндес сөздер тауып, үлгі бойынша жазайық.

Ашулы, ызалы; әдемі, сұлу; күшті, мықты; ақылды, білгір; мөлдір, тұнық; үркек, қорқақ.

Берілген сын есімдерден туынды сын есімдерді тап, туынды екенін дәлелде.

Ашулы, ызалы, күшті, ақылды. (Жұрнақ арқылы жасалған.)

3-тапсырма. «Адасқан сөздер» дидактикалық ойыны

Орны ауысқан сөздерден сөйлем құрап жаз, сын есімдерді тап, астын ирек сызықпен сыз.

4 3 1 2

1. Өсіп тұр, гүлдер, аулада, қызыл.

3 2 4 1

2. Балды, аю, ұнатады, қоңыр.

4 3 2 1

3. Озып келді, ат, жирен, бәйгеден.

2 3 4 1

4. Қалаларда, метро, болады, үлкен.

Екінші сөйлемдегі сөздердің байланысын сызбамен көрсет.

Ол үшін не істеу керек?

- Сөйлемдегі сөздердің байланысын сұрақ қою арқылы анықтаймыз.

Аю не істейді? Аю ұнатады. Нені ұнатады? Балды ұнатады.

Қандай аю? Қоңыр аю.

28 - сабақ.Сын есім, түрлері

Пәні: Қызықты грамматика

Тақырыбы: Сын есім, түрлері

Мақсаты: Жаттығулар орындай отырып сын есім туралы білімдерін тереңдету, сын есімді таба білуге үйрету.

1-тапсырма. «Түстер» ойыны. Көрсетілген заттын түсін айту және оларды үш тілде айту.

Алмұрт, сары-желтый- yellow (йелоу)

Қияр, жасыл- зеленый- green (грин)

Қызанақ, қызыл- красный- red (рэд)

Бұлт , көк-синий- blue (блу)

Баялды, күлгін-фиолетовый- purple (пепл)

2-тапсырма. Сонымен сын есім тақырыбын қорытындылау үшін тест жазайық.

1. Сын есім нені білдіреді?

а) заттың түрін, түсін, сапасын

ә) заттың қимылын, іс-әрекетін

б) қимылдың қашан, қайда болғанын

2. Сын есім қай сөз табымен байланысады?

а) етістікпен ә) сан есіммен б) зат есіммен

3. Қалың сын есіміне қарсы мағыналы сын есімді тап.

а) жіңішке ә) жұқа б) жуан

4. Сын есімнің сұрағын көрсет.

а) неліктен? қалай ә) қандай? қай б) қайтті? неғылды?

5. Қайсысы сын есім?

а) дала, құм ә) ертең, биыл б) жүйрік, әдемі

6. Сын есімді тап.

а) қышқыл ә) әкел б) екі

7. Мына сөйлемде сын есім қайсы: Еріншек адам ештеңе істемейді

А) адам ә) еріншек б) істемейді.


Сын есім
(заттың сынын, пішінің,түрін,түсін білдіреді
Қандай?
Қай?


Алмұрт
*тәтті
•сопақ
•сары, көк


шие
*қышқыл
•дөңгелек
•қызыл
•жұмсақ

алхоры
*қышқыл
*тәтті
•дөңгелек
•дәмді
•қатты


Апельсин
* тәтті
* дөңгелек
* сары

29 - сабақ.Сан есім, түрлері

Пәні: Қызықты грамматика

Тақырыбы: Сан есім, түрлері

Мақсаты: Сан есім туралы білімдерін кеңейту және сан есімнің заттың санын, ретін білдіретінін ұғындыру.

1-тапсырма. Мына өлең жолдарын толықтыр.

..... көзің не үшін керек? Жақсыларды көру үшін. ..... қолың не үшін керек? Елге көмек беру үшін керек.

2-тапсырма. Есептік және реттік сан есімдерді екі қатарға бөліп жаз.

Бір, тоғызыншы, мың, он біріші, жиырма, бес, отыз бесінші, жетпіс тоғыз, сексен сегізінші.

3-тапсырма. Кестені толтыр.

Мысалдар	Есептік сан есім	Реттік сан есім
Бір мың екі жүз бес		
Отызыншы		
Жиырма жеті		
Қырық бірінші		
III орын		
19 наурыз		
5 үй		
XX ғасыр		
1992 жыл		

30 - сабақ.Сан есім, түрлері

Пәні: Қызықты грамматика

Тақырыбы: Сан есім, түрлері

Мақсаты: Сөз табының бір түрі сан есім туралы білімдерін толықтыру.

Сан есім түрлерін, олардың ерекшелігін меңгерту.

Оқушыларға білімді жетік меңгеру үшін әр түрлі тапсырмалар беру.

1-тапсырма. Оқулық бойынша жұмыс істеу кезеңі.

1. Суыққа ең шыдамды құс? Үйрек, қаз. Олар 110 градус суыққа төзе алады. Итбалықтар 80 градус суықтың өзінде ғана тоңа бастайды. (Сан есімді табу).

2-тапсырма. Сан есімдерді сөзбен жаз.

9, 11, 27, 189, 640

Тоғыз, он бір, жиырма жеті, жүз сексен тоғыз, алты жүз қырық.

(Карточка таратып жұмыстарын жинап тексеру)

3-тапсырма. « Ой толғау». Киелі сандар жайлы не білесің?

3, 7, 9-сандары

7 саны жайлы не білесің?

7 ата, 7 қазына, 7 жұт, 7 ғайып


Наурыз көженің құрамы

4-тапсырма. Терме диктант. Сөйлем ішінен сан есімдерді теріп жазыңдар.

Күн жүйесінде тоғыз ғаламшар бар. Жер үшінші ғаламшар. Күн жүйесіндегі ең жолы қысқа – Меркурий. Ол сексен сегіз тәулікте бір айналып шығады.

(Сан есімерді жазып айырмашылығын дәлелдейді).

– Сан есім қалай жазылады? Дара сан есім және күрделі сан есім екенін қалай білдіңдер? Ережені айтып көріңдерші.





Семантикалық карта

Мысалдар	Есептік сан есім	Реттік сан есім
Бір мың екі жүз бес		
Отызыншы		
Жиырма жеті		
Қырық бірінші		
III орын		
19 наурыз		
5 үй		
XX ғасыр		
1992 жыл		

31 -32 сабақ. Тапсырмалар орындау

Пәні: Қызықты грамматика

Тақырыбы: Тапсырмалар орындау

Мақсаты: Сан есімге қатысты тапсырмалар беру арқылы оқушыладың білімін анықтау.

1-тапсырма. Мақалдарды санмен толтыр.



2-тапсырма. Сызбаны сан есімдермен толықтырып жаз.



33 -34 сабақ. Тапсырмалар орындау

Пәні: Қызықты грамматика

Тақырыбы: Тапсырмалар орындау

Мақсаты: Сан есімге қатысты тапсырмалар беру арқылы оқушыладың білімін анықтау.

1-тапсырма. Сөздік диктант



2-тапсырма.

Семантикалық карта.
Дұрыс жауапқа «+» белгі боямыз.

Мысалдар / Сын есім	Кім? Не?	Қашан?	Қандай? қай?	Ақ, қызыл, көк	Таза, жақсы	Көшіп, өнерлі	Ашы, тұщы	Кіші, тар, қысқа
Сын есім								
Заттың түрін, түсін								
Негізгі сын есім								
Дәмін білдір								
Көлемін, аумағын								

СӨЗ ТАПТАРЫН ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН
ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ
І нұсқа

1.Зат есім қандай сұрақтарға жауап береді?

а) қашан?қайда?

ә) кім?не?

б) неше? қанша?

2.Зат есімнің көпше түрін тап.

а)өсімдік

ә)кітап

б) ағаштар

3.Жалқы есімді тап.

а)құс

ә)Абай

б) орман

4.Жалпы есімді тап.

а)Тараз

ә)Іле

б) қайың

5.Етістік нені білдіреді?

а) заттың қимылын, іс әрекетін

ә) заттың санын, сынын

б) заттың мөлшерін, көлемін

6.Етістіктің сұрақтарын тап.

а)қалай?қашан?

ә) не істеді?қайтті

б) кімдер? нелер?

7.Күрделі етістікті тап.

а)жазды

ә)көрді

б) оқып отыр

8.Дара етістікті көрсет.

а) сүзіп жатыр

ә) оқып жүр

б) ойнады

9.Сын есім нені білдіреді?

а) Заттың түрін, түсін, сапасын

ә)заттың қимылын, іс-әрекетін

б) қимылдың қашан қайда болғанын

10.Сын есім қай сөз табымен байланысады?

а)етістікпен

ә) сан есіммен

б) зат есіммен

II нұсқа

1.Зат есім дегеніміз не?

а) қимылды, іс - әрекетті білдіретін сөз

ә) заттың атын білдіретін сөз

б) заттың сынын, сапасын білдіретін сөз

2.Туынды зат есімді тап

а) қала

ә) малшы

б) тау

3.Көптік жалғаулы зат есім

а) батыр

ә) оқушылар

б) тау

4.Жалқы есімді тап

а) журнал

ә) ағаш

б) Алматы

5.Зат есім тобын тап

а) үлкен, көгілдір, ащы

ә) Алатау, арман, алма

б) өседі, тербеледі, ұшады

6.Сын есім дегеніміз не?

а) Заттың атын білдіретін сөз

ә) Заттың түрін білдіретін сөз

б) Заттың қимылын білдіретін сөз

7. Сын есім сұрақтарын көрсет

а) қандай?, қай?

ә) қанша?, неше?

б) не істеді?, қайтті?

8. Туынды сын есімді көрсет

а) сулы, күшті, білгіш

ә) таза, әдемі, сұлу

б) ақ, сары, көк

9. Негізгі сын есімді көрсет

а) талапты, көңілді, икемді

ә) жаңа, қызыл, ақ

б) өнерлі, бойшаң, инабатты

10.Сын есім нені білдіреді?

а) атын, орнын, мөлшерін

ә) түсін, көлемін, сапасын

б) аумағын, жерін, орындалғанын

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының бастауыш білім берудің жалпыға міндетті стандарты, 2012 жыл
2. Қазақстан Республикасының Білім Ғылым Министрлігі бекіткен бастауыш білім берудің бағдарламасы
3. Ш.К.Бектұров «Қазақ тілі» «Атамұра» 2006
4. Мұғалімдерге арналған қазақ тілі пәніне әдістемелік құрал
5. Қазақ тілі пәні бойынша МАБ – ға арналған тест жинағы Көкшетау «Келешек – 2030» 2009 ж
6. Қазақ тілі . Дидактикалық материалдар. 2-4 сынып «Алматыкітап» 2009-2011ж.
7. Қазақ тілінен диктанттар мен мазмұндамалар жинағы 2-4 сынып
8. Ж.Жеткізген «Қазақ тілі грамматикасы» Алматы «Кітап» 2007
9. Жазу дәптері №1,2,3 2012 ж «Атамұра»
10. Р.Сыздықова «Емле және тыныс белгілері»

МАЗМҰНЫ:

ТҮСІНІК ХАТ 3
БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ. 6
БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ТАПСЫРМАЛАР ЖҮЙЕСІ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ. 27
БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН, СӨЗ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ. 31
МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ТІЛДІК-КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ ДАМЫТУ. 38
ПРАКТИКАЛЫҚ БӨЛІМ 39
ТІЛ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ 39
ФОНЕТИКА. 41
МӘТІН. 49
СИНТАКСИС. 53
ЛЕКСИКА. 58
СӨЗЖАСАМ. 65
МОРФОЛОГИЯ. 70
СӨЗ ТАПТАРЫН ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ. 90
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ. 94